Ақпараттық билікпен байланысты капитал да әртүрлі болуы мүмкін: БАҚ-тың қаржылық жағдайы, жергілікті нарыққа жеке тұлғалар мен ірі медиакорпорациялардың ықпалы, БАҚ-тың коммерциялық активтер ретінде табыс деңгейі, элитаармен және билікпен байланыс орнату, журналистік зерттеулердің қоғамдағы сұранысы. Кез келген мемлекеттің немесе басқа жеке ұйымдардың, жеке тұлғаның тікелей бақылауындағы медиа да өзінің ұлттық немесе өңірлік аудиториясына есеп береді. Мәселен, «Би-би-си» өзінің «қоғамдық миссиясын», «әл-Жазира» «панарабтық» аудиторияға хабар таратудағы мақсатын алға тартады. Әлеуметтанушы Макс Вебердің пікірінше, бұқаралық ақпарат құралының әлемдік актор болу қабілеті мемлекеттің оған белгілі бір «құзыреттер» немесе «өкілеттіктер» беру мүмкіндігіне байланысты («The ability of the media to be a global actor depends on the ability of the state to give it certain «competencies» or «powers», Max Weber, «Power and politics», 2017: 65). Хабар таратудағы прогрессивтілігі мен Сауд Арабиясынан тәуелсіздігін әлемге таныту мақсатында Катар басшылығы құрған «әл-Жазира» арнасы ақпараттық билік терминінің жандануына ықпал етті. Нәтижесінде шағын түбектегі мемлекет әлемдік саясатқа әсер етудің елеулі ресурсына ие болды. Формальды түрде «әл-Жазира» – тәуелсіз телеарна. Бұл Катар басшылығына басқа мемлекеттердің талабы бойынша оның редакциялық саясатына араласудан бас тартуға мүмкіндік береді. Дегенмен, сарапшылардың бағалауы бойынша, қаржыландырушы көзі жеке тұлға болғандықтан, ақпараттық билік телеарнаға айтарлықтай ықпалын жүргізген.

Алдымен Таяу Шығыстағы, содан кейін әлемнің басқа да аймақтарындағы «әл-Жазираның» феноменалдық танымалдылығы да, жобаның салыстырмалы құны да (бастапқы инвестициялар 150 млн доллар болды, бұл ретте қаражат бес жылға бөліп төлеу арқылы несие түрінде берілді) көптеген мемлекеттерді шетелдік аудиторияға бағытталған жеке теле-

арна құруға себеп болды. Уолтер Майлстың пікірінше, «әл-Жазира» араб әлеміндегі ең сұранысқа ие арна бола отырып, араб жаңалықтар кеңістігінде төңкеріс жасап, әлемнің жаңа акторларымен ынтымақтастықтың арқасында халықаралық деңгейге жетті.

«Әл-Жазира» редакциясы «президент бүгін әлдебіреумен кездесті...» деген хабарлардан гөрі сараптамалық мақалалар жариялауға, аудиторияны тартуға тырысты» [3].

Телеарнаның араб әлемінен тыс аймақтарда жетістікке жетуінің бір себебі 1999 жылы Ауғанстанда жеке бюро ашу келісімі болатын. Ол уақытта «Талибан» қозғалысы елдің барлық аумағына дерлік бақылау жүргізіп отырды және басқа мемлекеттердің үкіметтерімен қарым-қатынасты орнату мүмкіндігін іздеді. «Әл-Жазирадан» бөлек, талибтер елге батыстық жаңалықтар компанияларын («Си-эн-эн», «Ассошиэйтед Пресс», «Рейтер») шақырды, бірақ олардың барлығы Ауғанстанға барудан бас тартты. Нәтижесінде 1999 жылдан 2001 жылға дейін Ауғанстанда халықаралық БАҚ-тардан тек Катар арнасы жұмыс істеді. «Әл-Жазира» ауған бюросының қызметкерлері «Талибан» басшылары, Усама бен Ладен және т.б. түсірілген бейнематериалдардың көлемді коллекциясын жасай алды. 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғадан кейін барлық әлемдік телеарналар «әл-Жазира» хабарларына сілтеме беретін болды. 2001 жылы қазанда Катар арнасы Кабулдың бомбалануын тікелей эфирде көрсеткен жалғыз халықаралық медиа болды.

2006 жылы «әл-Жазираның» ағылшын тілінде хабар таратуы басталды. Іс жүзінде телеарна канадалық кабельдік желілерге қолжетімділігінен айырылған. Алайда, бұл канадалықтарға ғаламтор арқылы Катар теларнасын көруге кедергі келтірген жоқ, оның үстіне интернет-провайдерлер «әл-Жазираның» антисемитизм деңгейін бақылаған жоқ. Телеарнаның баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, оның ағылшын нұсқасының веб-сайтында апта сайын 5 млн-ға дейін қолданушы болған, оның 60%-ы Америкадан. Яғни бұл «әл-Жазира» басшылығының батыс ақпарат нарығына

ену үшін жасаған әрекеттерінің нәтижесі деп бағалауға болады [4].

Ақпараттық биліктің баспасөзге ықпалы саясат қана емес, тіл, мәдениетпен де байланыстырылады. Мысалы, урду – Оңтүстік Азияның, әсіресе Пәкістанның кең тараған тілі. Яғни Катар телеарнасының Еуропа мен Солтүстік Америкаға қарағанда осы аудиторияда табысқа жету ықтималдығы жоғары. Демек аудитория мәдени тұрғыдан өзіне жақын медиаөнімдерді еркін тұтына білді.

2010 жылдан бастап араб әлемінде орын алған ірі әлеуметтік күйзелістер толқыны сол жылдары «әл-Жазира» телеарнасын қоса алғанда, жекелеген спутниктік арналардың ақпараттық саясатының бағытын анықтады. Сирияда бүлік басталғанға дейін шамамен бір ай бұрын Facebook әлеуметтік желісінде осы елдің президенті Башар Асадқа қарсы Сирия қалаларында «Ашу-ыза күніне» шақырған «Сириялық революция–2011» жаңа тобы пайда болды. «Әл-Жазира» ақпараттық саясатты арқылы Сирияда болып жатқан оқиғаларды жариялауда айқын проамерикалық сипатқа ие екенін айшықтады. Мәселен, «әл-Жазира» арнасынан, сондай-ақ басқа да батыс және араб телеарналарынан (BBC «Арабик», «Франц 24», «Әл-Хурра» сияқты) келіп түсетін ақпараттық хабарламалар аясында Сириядағы оқиғалар оппозицияның іс-әрекеттері билеуші Бас партиясының елуден астам жылғы билігін тоқтатуды мақсат тұтқан революциялық іс-қимыл ретінде сипатталады. Оппозицияның әрекеттеріне жауап ретінде, «әл-Жазира» арнасының мәліметтері бойынша, Сирия үкіметі көтерілісті басу үшін танктер мен снайперлерді пайдаланды. Телеарна мәліметтерінде үкімет әскерлері қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ұн мен азық-түлікті тәркілеу жұмыстарын жүргізгендігі айтылады [5]. Сириялық қалаларды үкімет әскерлерінің қоршауы кезінде, «Әл-Жазира» хабарламалары бойынша, үкімет әскерінің солдаттарын азаматтық тұлғаларға оқ жаудыруға мәжбүр еткен, бас тартқан жағдайда солдаттар сол жерде атылған. Сирияның Еркін әскері қару-жарақпен оқ-дәрілерді Ливаннан, Түркиядан және

Ирактан контрабандамен алатындығы да айтылды. Бұл да өз кезегінде Сириядағы әскери іс-қимылдардың проамерикалық сипатқа ие екендігін тағы бір рет растайды. Сириялық телеарналардың мәліметтері бойынша, 2011 жылдың 26 маусымында Сол уақыттарда Сирия президенті Башар Асад елде соғыс жүріп жатқанын, 2011 жылдың наурызынан бастап он бес мың адам оның құрбаны болғанын, олардың қатарына бейбіт тұрғындар да, көтерілісшілер де, үкіметтік әскер сарбаздарының да болғанын көпшілік алдында жариялады. Жоғарыда келтірілген деректерден медиа мен үкімет ақпараттарындағы айырмашылықтар байқалады. Осылайша, ақпараттық соғыста халықаралық БАҚ жетістігінің екі негізгі факторын атап өте аламыз: белгілі бір саяси және мәдени қауымдастықпен нақты ассоциативті байланыс және осы қауымдастыққа интернационалдық аудиторияның қызығушылығы. «Әл-Жазира» бұл мағынада – іс жүзінде идеал үлгі, өйткені әлемдік қоғамдастық оны араб әлемі мен мұсылман үмметінің пікірін білдіруші ретінде қабылдайды. Нәтижесінде, телеарнаны бақылайтын Катар араб елдері арасында яғни жалпы әлемдік саясатта да елеулі фактор болып отыр [6].

Жаһандық даму ауылшаруашылық, технологиялық және ақпараттық революцияны бастан өткерді. Қазіргі ғасыр ақпараттық революцияның ажырамас бөлігі болғандықтан, кез келген мәселе тұтас ақпараттық қоғамға шоғырланды. Британдық ғалым, әлеуметтанушы Фрэнк Уэбстер өзінің «Ақпараттық қоғам теориясы» атты еңбегінде барлық индивид немесе жеке тұлға жоғарыда аталған «виртуалды капитал» ұғымын өз саясатында қолдана бермейтіндігін ескертеді («Every country pursues an information policy in different directions, and this is similar to the editorial policy. Therefore, the virtual society and the information society are used in different directions», Frank Webster, «Theories of the Information Society», 2014:255). Әсіресе, экономикалық даму жағынан артта қалған үшінші әлем елдерінде ақпараттың еркін таралуына кедергі келтіретін бірнеше факторлар бар [7].

Ал шынтуайтына келгенде, ақпарат халықаралық деңгейде кез келген коммуникативті орта арқылы секунд, минут сайын таралып жатыр. Мұны америкалық футуролог Элвин Тоффлерше айтсақ, «XX ғасырда технологиялық және ақпараттық революцияны бастан кешетін жаңа тап өкілдері саяси билік құрсауында қалмайды».

Ақпарат халықаралық саясатта объективті шындық ретінде екі импанентті формада кездеседі: жеке тұлғаның ақпаратты қолдануы аясында яғни «инфраструктура» және осы қолданыстың әлемге ықпалы немесе «инфоағын» ретінде. Ғылыми деректерге жүтінсек, екі тарап та бірімен бірі тығыз байланысты, оқырманға немесе көрерменге жол тартқан уақытта бірі екіншісін толықтырып отырады. Бұл қатынас америкалық белгілі саясаткер, жазушы Джозеф Найдың зерттеуінде «ақпараттық билік» немесе «ақпараттық күш» (information power) ретінде терминологияға енгізілді.

Америкалық саясаткер енгізген термин ғылымда ақпараттық қауіпсіздік атауының пайда болуына себеп болды. Ежелден қалыптасқан күш қолдану тәсілдерінің қатарын ақпараттағы «жұмсақ күш» ұғымы толықтырды. Бұл атауларды «ақпараттық тәуелділік», «ақпараттық тасқын», «ақпараттық қоғам» сынды өзге де ұғымдар толықтыра береді.

Ақпараттық биліктің субъективті және объективті парадигмаларын негізге ала отырып, оның басты құрылымдарын атауға болады:

- 1) азаматтардың бұқаралық және жеке индивид ретінде ақпаратты қабылдауы;
- 2) қоғамдық пікірді қалыптастыру (БАҚ, партиялар, үгіт-насихат, жастар жиыны);
- 3) ақпараттық және психологиялық ресурстар;
- 4) ақпараттық-талдамалы және ақпараттық-техникалық жүйелер;
- 5) ақпараттық инфраструктура және саяси актор;
- 6) саяси-әлеуметтік қызметтер мен құрылымдар;
- 7) халықаралық қарым-қатынастар мен жүйелер [8].

Нақтырақ айтсақ, бұл парадигмалар арқылы ақпараттық билікті қолдануда кей тараптардың әлсіз немесе мықты тұстарын анықтауға болады. Ақпарат әлемінде билік бірнеше саналы іс-қимылдар арқылы өзіндік регрессивті тұстарын көрсетеді. Мәселен, келісімдерге қол жеткізу кезіндегі керітартпа әрекеттер; белгілі бір нормалар мен принциптерді орындаудан бас тарту; үшінші жақтың тараптар келісіміне араласуы; ақпараттық коалициялардың құрылуы; әлеуметтік ортаға жалған мәліметтер арқылы қауіп-қатер төндіру және тағы да басқа. Осы аталған мысалдар ақпараттық билік тізгінін қолға алған тараптың негізгі кемшілігін көрсетеді.

Халықаралық қатынастарда ақпараттық биліктің қолданылуы кез келген мемлекеттің демократиялық ұстанымын, азаматтар құқығын қолдауға қатысты принциптерін көрсетеді. Біз қарастырып отырған ақпараттық биліктің араб медиасында қолданылуы сөзіміздің бірден-бір дәлелі. Канадалық зерттеуші Джон Томсонның коммуникативті процестер жөнінде концепциясын негізге ала отырып, ақпараттың семантикалық, технологиялық және инфлюентті (ағылшынша *influence* – ықпал ету) бағытын айқындауға болады. Аталған бағыт ақпараттық-коммуникативті процестерді анықтауға, халықаралық аренадағы медианың рөлін айқындауға және бұқаралық ақпарат құралы мен аудитория арасындағы байланысты анықтауға септігін тигізеді.

Семантикалық деңгей – саяси тақырыптардың аудиторияға ұсынылуын және қоғамның елдегі жүйеге деген көзқарасын айқындайды [8]. Зерттеушілердің пікірінше, ақпараттың берілуі мотиві, күнделікті орын алып отырған саяси жаңалықтардың сарапталуы осы аталған семантикалық деңгеймен қарастырылады. Ал технологиялық деңгей – ақпарат таратудағы зерттеу әдістерінің қолданылуын білдіреді. Мәселен, зерттеу әдістерін ғылыми тілде эмпирикалық, дедуктивті деп бөліп қарастырар болсақ, технологиялық деңгей анализ, статистика, спецификалық эффектілердің қолданылуын жүзеге асырады. Три-

полиде орын алған қақтығыстардың араб медиасы, «әл-Жазира»-да көрерменге ұсынылу әдісі көбінесе сараптама және ақпарат түрінде берілген. Ақпараттық биліктің құрсауында болған телеарна тілшілері араб көктемі кезінде қақтығыстарды жазуда бейтарап емес, біржақты принцип ұстанған. Дәл осы мысал технологиялық деңгейге жатқызылады. Үшінші кезекте инфлюентті деңгей – журналист ақпаратының қоғамдық ортаға ықпалы, үгіт-насихаттың шамадан тыс қолданылуы және саяси мәліметтермен манипуляция жасау болып саналады. Ғылымда инфлюентті деңгей түрлеріне дезинформация, лоббизм, манипуляция, пропаганда, кризистік басқару және шантаж жатады [9].

Зерттеуіміздің негізгі тақырыбына айналған ақпараттық билік парадигмаларын жазуда тағы бір негізгі дәйек ұшырасады. Халықаралық қатынаста ақпараттық билікке иелік ететін субъект ретінде мемлекет және коалиция, халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, виртуалды әлеуметтік орта және бұқаралық ақпарат құралдары аталады. Сарапшылар ақпараттық билік немесе ақпараттық күш құрылымдарының әлемдік саясаттағы басты потенциалын төмендегідей қарастырады:

1. Қоғамның ақпарат алуға деген құлшынысы;
2. Ақпараттың қару ретінде қолданылуы;
3. Журналистиканың жаратылыстану ғылымдары, экономика, бизнес, саясат, әдебиет және мәдениет сынды салалармен біте-қайнасуы;
4. Тілшінің екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас, дау-жанжал, қақтығыс және өзге де байланыстарды жазғанда ақпаратты өз оқырманына ұсына білуі, аудиториясын қызықтыруға ұмтылуы және ұсынылған ақпараттың халықаралық саясаттағы рөлі;
5. Ресми ақпараттық саясаттың болуы [10].

Қазіргі уақытта ақпараттық билік деңгейін анықтайтын бірнеше халықаралық терминдер бар: интерактивтілік индикаторы, мәліметтер

индикаторы, цифрлармен жұмыс, ақпараттық қоғам индексі, технологиялық даму индексі, коммуникативтілік индексі және тағы басқа. Аталған терминдерді 1997 жылы РЭНД Корпорациясы енгізген болатын [11]. Осы ретте ақпараттық билік парадигмасының екі негізгі бөлімдері белгілі болып отыр: ақпараттық күш – медиа саладағы іс-әрекеттер жиынтығы, ақпараттық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздік.

Халықаралық саясаттағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін, беделін, рейтингін анықтауға бағытталған саңдық индикаторды Құрама Штат ғалымдары ойлап тапқан. АҚШ Ұлттық ғылыми ұйымының зерттеушілері (United States National Science Foundation) саңдық индикатор арқылы мемлекеттегі ақпарат құралдарының өзіне иелік ететін белгілі бір биліктің «сойылын соғатынын», ақпараттық биліктің журналистикадағы маңызын және ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін манипуляция түрлерін анықтауға болатынын дәлелдеді. Осы ретте химия саласында арнайы эксперименттер кезінде қолданылатын индикаторларды мысалға алсақ болады. Ғылыми тілде индикаторлар нұсқау, анықтауды білдіреді. Мәселен, қандай да бір геологиялық, гидрологиялық, климаттық жағдайларға қатысты әртекті табиғи объектілерді (өсімдіктер, қазба организмдер, минералдар) анықтау. Химиялық индикаторлар көмегімен грунт суларының тереңдігі мен минералдану дәрежесін немесе пайдалы қазбалар қоспаларын зерттеуге болады. Дәл осы тәрізді халықаралық саясат пен журналистикада маңызды рөлге ие саңдық индикаторлар ақпараттық билік деңгейін зерттеуге мүмкіндік береді. Батыс елдерінің медиасында жоғары қолданысқа ие саңдық индикатор жүйесі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты мен азаматтық қоғамның қалыптасуында БАҚ-тың рөлін айқындауға, статистикалық мәліметтер мен инфографиканың (дата журналистика) мән-маңызын, редакциялық саясатты және өзге де негізгі салаларды анықтауға ықпал етеді.

Ақпараттық күш терминін зерттеушілердің бірі Анатолий Борисенков өзінің 2013 жылы жазылған «Халықаралық саясаттың мемлекет үшін маңызы» атты мақаласында жоғарыда тоқталып өткен саңдық индикатор мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдарына ықпалын, күштік құрылымдардың, атқарушы биліктің журналистикаға әсерін, журналистикадағы ақпараттық биліктің рөлін анықтайтынын жариялады. Сонымен қатар Борисенков осы индикаторға сүйене отырып, Ресей журналистикасы технологиялық деңгейде екенін айтады. Осы сынды зерттеулердің қатарында Америкадағы Аризона университетінің кибернетикалық зерттеу тобының билік пен электронды ақпарат құралдарының байланысы жөнінде глобальді зерттеуін де атай аламыз. Зерттеу нәтижесінде ақпаратқа билік ететін (тура мағынасында) құрылымды анықтауға негізделген бірқатар индикаторлар белгілі болды:

1. ашықтық көрсеткіші – мәлімет, ақпараттарға қолжетімділік, актуалдылық, ақпаратқа сенім пайызын, мемлекеттік басылымдар мен жекеменшік ақпарат құралдарындағы шындық деңгейін анықтайды;
2. интерактивтілік индикаторы – ақпараттың аудитория санасына ықпалын, дәйектілігін көрсетеді;
3. санақ көрсеткіші – министрлік, мемлекеттік басқарма және өзге де саяси құрылымдардың статистикалық көрсеткіші [12].

2000 жылдан бері Science and Engineering Indicators атауымен әр саланың бағыт-бағдарын анықтау, рөліне баға беру сынды белгілі бір көрсеткіштерді анықтайтын жоба басталған. Аталған жоба Ұлыбританияның The Guardian басылымына қарасты саясаттағы ашықтық пен журналистика беделіне баға беретін глобальді индекспен ұқсас. Сонымен қатар мемлекеттің сөз бостандығы деңгейін, бұқаралық ақпарат құралдары мен билік арасындағы байланысты бірқатар көрсеткіштер бойынша анықтайтын Дүниежүзілік экономикалық форумның әлем елдерінің бәсекеле қабилеттілік индексі де осы қатарға жатқызуымызға болады.

БАҚ пен билік байланысын, сөз бостандығының деңгейін және азаматтық қоғам беделін сараптайтын индекс бойынша 2019 жылы «әл-Жазира» телеарнасының отаны Катар 24-ші орынға тұрақтаған. 2013 жылы ашықтық көрсеткішінде төменгі орында тұрған Катар араға санаулы уақыт салып, дамыған өзге мемлекеттерге жақындай түскен. Сол жылы «Араб көктемі» жайлы үгіт-насихаттық хабарлар таратқан араб медиасының ақпараттық билік құрсауында қалғанын бірқатар халықаралық индекстер де дәлелдеп отыр. Сөз бостандығы, медиа мен билік арасындағы байланыстың халықаралық индексі журналистикадағы ашықтықпен қатар, үкіметтің медиаға ықпалын да анықтайды.

Жоғарыда аталған мысалдарды «әл-Жазира» телеарнасының сайтында 2015 жылы жазылған материалдарға контент анализ арқылы дәлелдеуімізге болады.

**Контент-анализ тақырыбы:** Араб медиасындағы «әл-Жазира» телеарнасының сайтында 2015 жылы жарияланған материалдарға контент анализ

**Контент анализ мақсаты:** 2015 жылы Таяу Шығыс елдерінде (Иран, Ирак, Йемен, Ливан, БАӘ) орын алған қақтығыстар, Сирия дағдарысы кезінде батыс және араб медиасы арасында ақпараттық соғыс ушыға түскен. Осы кезде батыс медиасы тарапынан жазылып жатқан үгіт-насихат, манипуляциялық ақпараттарға төтеп беру мақсатында «әл-Жазира» сайтындағы мақалалардың біраз бөлігі агрессиялық позиция ұстанды деген гипотеза бар.

**Ақпарат көзі және зерттеу кезеңдері:** 2010 жылдан бастап бірқатар араб елдерінде түбегейлі тыйым салынған телеарна аудиториясы айтарлықтай өзгерген. Ал араб көктемі кезеңінде маңызды рөлге ие болған «әл-Жазира» телеарнасының жарияланымдары зерттеу жүргізуде гипотезаны қуаттауға мүмкіндік береді.

2015 жылы мамырда «әл-Жазира» сайты жүргізген зерттеу қорытындысы бойынша 56 881 респонденттің 81%-ы араб елдерінің іс-әрекетін қолдайтынын айтқан. Осы жағдайды ескере отырып, араб медиасының Таяу

Шығыстағы қақтығыстар, АҚШ, Ресей жүргізген әскери операциялар, Ирандағы жағдайлар жайлы көзқарасы, жарияланымдары зерттеуге қызығушылық туғызады.

Зерттеу 2015 жылдың шілде-қазан аралығында жүргізілді: Ресейдің Таяу Шығыстағы белсенді іс-қимыл фазасында Иран проблемасын шешуге қатысуы; Сириядағы экстремалды-саяси процеске назар аудару; әскери іс-қимылдар аймағына тікелей қатысу және Сириядағы террористік құрылымдарға қарсы Құрама Штаттарының әскери операциясы.

**Өзектілігі:** БАҚ беттерінде үгіт-насихаттың көрініс табуы, ақпараттық соғыс

### Саяси медиаметрия

Саяси медиаметрия – аудиторияның тұрақты зерттеу саласы және БАҚ мазмұны. Материалдың сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауға арналған. Саяси медиаметрияда қолданылатын агрессия индексі арқылы мақаланың қандай бағытта жазылғанын (үгіт-насихат, манипуляция) анықтауға болады. Агрессия индексі материалдар санын бейтарап көзқарастағы жарияланымдар санына бөлгенде анықталады.

Саясаттағы медиаметрия термині қазіргі уақытта контент анализ жасау барысында кеңінен қолданылады. Аталған терминді «Саяси медиаметрия. Шетелдік БАҚ және Ресей қауіпсіздігі» атты еңбектің авторы, Ресей стратегиялық зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері Игорь Николайчук енгізген болатын.

Халықаралық саясатта мемлекетке ақпараттан төнетін қауіптің бірнеше деңгейі бар:

- 1) «жасыл» – төменгі деңгей, қауіп жоқ:  $AI < 0,3$ ;
- 2) «сары» – ақпарат қауіпінің орташа деңгейі:  $0,3 < AI < 0,7$ ;
- 3) «қызғылт сары деңгей» – қауіптің жоғары деңгейі:  $0,7 < AI < 1,0$ ;
- 4) «қызыл» – ақпарат қауіпінің ең жоғары деңгейі:  $1,0 < AI < 5,0$ ;
- 5) «қара» – ақпараттық соғысқа қадам:  $AI > 5,0$

Контент-анализ саясат құрамы, саясат деңгейі, мақала формасы (жанры), бағыты, мақ-

саты, аудитория, көтерілген мәселе, оқырман үшін маңызы, ақпарат қаупінің деңгейі деп аталатын 9 бөлім арқылы қарастырылды. Әр бөлім жекелген санаттарға бөлініп, «а, б, в, ...» реттік әріптермен белгіленеді. Жалпы есептеу барысында кесте арқылы саяси медиаметрия қағидалары ескеріліп, қорытынды жасалады.

1. Саясат:

экономикалық – а

әлеуметтік – б

ұлттық – с

мәдени – д

әкімшілік – е

2. Саясат деңгейі:

жергілікті (ауыл, аудан) – а

аймақтық (облыс) – б

жалпы мемлекеттік – с

халықаралық – д

жаһандық заманауи – е

3. Мақала формасы (жанр):

сұхбат – а

репортаж – б

мақала – с

ақпарат – д

зерттеу – е

пікір – ф

4. Бағыты:

позитивті – а

негативті – б

бейтарап – с

5. Мақсаты:

объективті – а

үгіт-насихат – б

деструктивті-констатация – с

6. Аудитория:

үлкен (әлемдік) – а

орта (Таяу Шығыс) – б

кіші (Катар және көршілес елдер) – с

7. Мәселе:

Иран – а

Сирия – б

Таяу Шығыс – с

Сирия – д

Ресей – е

АҚШ – ф

8. Оқырман үшін маңызы (саясаттағы агрессия индексіне сүйеніп анықталады):

бар – а

жоқ – б

орташа – с

9. Ақпарат қаупі:

ұлтараздық – а

гендердік – б

этностық – с

физикалық дискриминация – д

жоқ – е

1 – а,б	129
2 – е	200
3 – е	110
4 – б, с	320
5 – б	35
6 – а	221
7 – д, е	310
8 – а, с	315
9 – е, а	120

2015 жылы сәуірде біз негізге алған тақырыптар бойынша 28 бейтарап, 8 негативті бағыттағы мақалалар жарық көрген. Бұл айдағы агрессия индексі 0,28 пунктке тең. Жарияланымдар Ресейдің Таяу Шығыстағы әскери операциясы және Иранның ядролық қару мәселесін шешу тақырыбына арналған. Сонымен қатар, позитивті бағыттағы мақалалардың бірі Йемендегі коалициялық шабуылға арналған.

Маусымда жоғарыда аталған тақырыптар төңірегінде 44 бейтарап, 11 негативті және 7 позитивті бағыттағы мақалалар жарияланған. Агрессия индексі 0,32 пунктті көрсетіп тұр.

Сайтта мамырда шыққан жарияланымдардың басым бөлігі Түркия, НАТО және Сирия байланысы жөнінде. Әсіресе, Сирия дағдарысында АҚШ-тың басқа позиция ұстанып, Ресейдің Башар Асад режимін қолдағаны жөнінде негативті позициядағы зерттеу, сұх-

бат, мақалалар көптеп жарық көрген. 2015 жылы 22 мамырда шыққан «Асадты құрбан етіп, Сирияны құтқарамыз» атты мақалада Ресей үкіметі Америкамен саяси аренада шахмат ойнап отырғаны жалы айтылады. Сонымен қатар, Украина мен Ресей қарым-қатынасы туралы мақалалар да жарияланған.

Маусымда 44 нейтралды, 11 негативті мақала жарияланған. Осылайша, агрессия индексі 0,25-ке тең болды. Ал шілдеде негізгі тақырыптар бойынша 46 нейтралды, 5 негативті материал бар. Бұл кездегі агрессия индексі 0,11 пунктін көрсетті.

2015 жылдың тамызында Сириядағы операция, Иран жағдайы көбірек талқыланған. Солардың 30-ы нейтралды, 6-ы негативті бағытта жазылған. Жалпы АИ көрсеткіші 0,53-ке тең.

Қыркүйекте 42 нейтралды, 14 негативті, 13 позитивті; қазанда 58 нейтралды, 17 негативті материал жарияланған. Қыркүйектегі агрессия индексі 0,64 пунктті көрсетсе, қазанда бұл көрсеткіш 0,73-ке тең.

### Қорытынды

«Әл-Жазира» телеарнасы сайтының 2015 жылдың алты айында (сәуір, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан) жарық көрген тақырыптық мақалаларға контент анализ жасай келе, агрессия индексі анықталды. Саяси медиаметриядағы агрессиялық индекс қалыпты көрсеткіштен үш рет асып, ақпараттық соғыс деңгейін көрсетті. Зерттеу нәтижесі бойынша, **араб медиа нарығындағы саяси биліктің ықпалы анықталып**, «әл-Жазира» сайтындағы мақалалардың біраз бөлігі агрессиялық позиция ұстанды» деген гипотезамыз орындалды. Агрессия индексіне зер сала отырып, батыс пен араб медиасы арасындағы ақпараттық соғыстың белсенді түрде қайталанып отырғанын байқадық.

Сонымен, мемлекеттегі ақпараттық биліктің әрекеті (мұндағы ақпараттық билік деп отырғанымыз – қандай да бір мекеме, жекеменшік компания және тұлға), бағыты, ұстанған қағидалары ұлттық қауіпсіздіктің кепілі екеніне көз жеткіздік. Негізінен ұлт-

тық қауіпсіздік тиімділігі әскери күш-қуат шеңберінде ғана емес, ақпараттық, саяси, құқықтық, әлеуметтік, өмірлік маңызға ие. Кез келген мемлекет үшін сыртқы және ішкі ұлттық қауіпсіздік бірінші орында. Себебі ұлттық мүдделердің, ұлттық құндылықтар, қорғаныс саласындағы кибершабуылға төтеп беру, ақпарат саласындағы қарусыз майданда тұрақтылықты сақтау сынды негізгі қағидалар сыртқы ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі саналады. Бұлардың қатарында ХХІ ғасырда бірінші орынға тұрақтаған майдан – бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы байланыс та мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі саналады. Демек, ақпараттық билік терминінің зерттелуі, саясаттану ғылымында өз алдына жеке терминология ретінде қалыптасуы, билік шеңберінде жүзеге асуы және журналистикадағы жаңа ұғым-түсінік ретінде қолданыла бастауы заман талабынан туып отыр.

Халықаралық медиа нарықтағы ақпараттық биліктің үстемдік құруы мемлекет жағдайына түбегейлі өзгеріс енгізеді. Ақпараты қуатты мемлекеттің ішкі және сыртқы жағдайына нұқсан келмейді. Авраам Линкольннің сөзімен айтсақ, «шындығы басым жерде халық та, билік те тыныш». Демек, журналистикада саясаттың үстемдік құруы ақпараттық билік дәрежесін көрсетеді. Араб медиа саласында жетекші рөлді иеленген «әл-Жазира»-ның хабар тарату үлгісі ақпараттық биліктің рөлін айқындап берді.

Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етуде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы айқын. Орта ғасырларда Еуропа елдерінде зайырлы элита мен діндарлар арасындағы бәсекелестік күрес баспасөздің насихаттық саясатты оңтайлы жүзеге асыруы мен тараптардың ымыраға келуімен аяқталған болатын. Ал араб жеріндегі соғыс ықпалының артуына ақпараттың біржақты таралуы септігін тигізді. Яғни ақпараттық қауіпсіздіктің әлсіздігі мен биліктің күштеуі мемлекеттің экономикалық, демографиялық хал-ахуалына нұқсан келтіреді.

ХХ ғасырдың басында журналистикадағы жұмсақ күш ұғымына жан-жақты талдау



жасаған америкалық зерттеуші Джозеф Най ақпараттық биліктің дипломатиялық қарым-қатынас пен ішкі саясатта қаншалықты үстемдік құратынын зерделеді. Ал «саяси биліктің заңды үстемдігі» терминін енгізген неміс ғалымы Макс Вебер белгілі бір күшке ықпалды болған баспасөздің позициясы соған сай өрбиді дейді. Яғни бұл күш үстемдік етуші

хабар құралдарын: саяси биліктегі нақтылық деңгейін, аудиторияны басқару ережелерін, жан-жақтылық пен еркін ой, бағыт ұстануға қажетті арсеналдарды және негізгі әдістердің тиімділігін игереді. Ал ақпараттық биліктің ықпал ету кеңістігін меңгеру үшін үгіт-насихаттан аулақ болып, ақпараттық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеу қажет.

### Әдебиеттер

1. Шафель Әли Шаиф Хусейн. Эволюция состава новостных арабоязычных спутниковых телеканалов в начале XXI века [Электронный ресурс]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-sostava-novostnyh-araboyazychnyh-sputnikovyh-telekanalov-v-nachale-xxi-veka-ctatya-pervaya> (дата обращения: 11.07.2022).
2. Кривое Зеркало «Аль-Джазире». // Журналистская правда. – 22 июля 2013 г.
3. Сейдахметова Б. Арабы на медиарынке Америки // Тьерри Мейсан: «Аль-Джазира» основана гражданами Израиля // САНА. 3 октября 2011 г. [Электронный ресурс]. — URL: [www.sana.sy/rus/326/2011/10/03/373283.htm](http://www.sana.sy/rus/326/2011/10/03/373283.htm) (дата обращения: 11.07.2022).
4. Вартанова Е.Л. Медиа-экономика в информационном обществе. — М.: Информационное общество, 2011.
5. Коротеев А.В., Зинькина Ю.В. Египетская революция 2011 г. // Азия и Африка сегодня. – 2011. - №6. - 10 с.
6. Суворова Ю.К. Саудовская Аравия, Катар и «Арабское пробуждение». // Научно-исследовательский журнал студентов и аспирантов. МГИМО(У) МИД РФ. - 2013 г.
7. Webster F., Theories of the Information Society, 2014. – 416 p.
8. Nye Jr. J.S. Bound to Lead: The Changing Nature of American Power / J.S. Nye Jr. – N.Y.: Basic Books, 1990. – 336 p.
9. Solomon R.H. The Information Revolution and International Conflict Management / R.H. Solomon // U.S. Institute of Peace Peacework. – No 18 (September 1997). – P. 1-6.
10. Science and Engineering Indicators – 2000. URL:<http://www.nsf.gov/sbe/srs/seind00/frame.htm> (Accessed: 11.07.2022).
11. Yemen fighting sparks 'dire humanitarian crisis' // Al Jazeera. April 4, 2015. - URL: <http://www.aljazeera.com/news/2015/04/security-council-set-discuss-yemencrisis-150404140255269.html> (Accessed: 11.07.2022).
12. Bashar al-Assad: the beginning of the end? - URL: <http://www.aljazeera.com/indepth/opinion/2015/05/bashar-al-assad-syria-palmyra-150521130901934.html> (Accessed: 11.07.2022).

### References

1. Shafel Ali Shaif Hussein. Jevolucija sostava novostnyh arabojazychnyh sputnikovyh telekanalov v nachale XXI veka [Electronic recourse]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-sostava-novostnyh-araboyazychnyh-sputnikovyh-telekanalov-v-nachale-xxi-veka-ctatya-pervaya> (Accessed: 11.07.2022).
2. Krivoe Zerkalo «Al'-Dzhaziry» [A Crooked Mirror Of Al Jazeera], Zhurnalistskaja pravda [Journalistic Truth], July 22, 2013.
3. Seidahmetova B. Araby na mediarynke Ameriki [Arabs in the American Media Market], T'erri Mejsan: «Al'-Dzhazira» osnovana grazhdanami Izrailja [Thierry Meysan: Al Jazeera was founded by Israeli citizens],

SANA. October 3, 2011 [Electronic resource]. Available at: [www.sana.sy/rus/326/2011/10/03/373283.htm](http://www.sana.sy/rus/326/2011/10/03/373283.htm) (Accessed: 11.07.2022).

4. Vartanova E.L. Media-jekonomika v informacionnom obshhestve [Media economics in the Information Society] (Informacionnoe obshhestvo, Moscow, 2011).
5. Koroteev A.V., Zinkina Yu.V. Egipetskaja revoljucija 2011 g. [The Egyptian Revolution of 2011], Azija i Afrika segodnja [Asia and Africa today], 6, 10 (2011).
6. Suvorova Y.K. Saudovskaja Aravija, Katar i «Arabskoe probuzhdenie» [Saudi Arabia, Qatar and the «Arab Awakening»], Nauchno-issledovatel'skij zhurnal studentov i aspirantov. MGIMO(U) MID RF [Research Journal of Students and Postgraduates. MGIMO(U) MID RF (2013).
7. Webster F., Theories of the Information Society, 2014. – 416 p.
8. Nye Jr. J.S. Bound to Lead: The Changing Nature of American Power/ (Basic Books, N.Y, 1990, 336 p.).
9. Solomon R.H. The Information Revolution and International Conflict Management // U.S. Institute of Peace Peacework. – No 18 (September 1997). – P. 1-6.
10. Science and Engineering Indicators – 2000. URL:<http://www.nsf.gov/sbe/srs/seind00/frame.htm> (Accessed: 11.07.2022).
11. Yemen fighting sparks 'dire humanitarian crisis' (Al Jazeera, April 4, 2015). Available at: <http://www.aljazeera.com/news/2015/04/security-council-set-discuss-yemencrisis-150404140255269.html> (Accessed: 11.07.2022).
12. Bashar al-Assad: the beginning of the end?//Эл-Жазира. 2015. 22 мамыр. Available at: <http://www.aljazeera.com/indepth/opinion/2015/05/bashar-al-assad-syria-palmyra-150521130901934.html> (Accessed: 11.07.2022).

**А. Жуматай, Г. Озбекова**

*Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### **Парадигмы информационной власти (на материалах телеканала “Аль-Жазира”)**

**Аннотация.** Пропаганда, дезинформация, искажение информации - методы и технологии информатизации, подрывающие внутреннюю и внешнюю политику государства. В 70-80-е годы XX века сформировалось понятие «информационное общество» и ряд этих технологий были дополнены средствами массовой информации. Информационная безопасность стала неотъемлемой частью национальной безопасности, и важность коммуникации между властями и СМИ возросла. Важность информационной безопасности в журналистике, результат взаимоотношений правительства и СМИ, а также сила информационной мощи могут быть исследованы через трансляцию «Аль-Джазиры» в арабских СМИ.

Информационная власть имеет ряд отличий и особенностей по сравнению с другими видами власти. В частности, преобладающий характер сообщения об инциденте аудитории (он превосходит другие формы правления, решения первой стороны выполняются последней); если журналист использует свою информацию в качестве пропаганды, аудитория с большей вероятностью последует той же манипуляции; способность управлять от имени общества; деятельность группы людей, знающих методы управления, профессионально занимающихся в данной сфере; умение ставить интересы других на первое место, предлагая односторонние мнения; право индивидуального управления путем установления распорядка общественной жизни; возможность открыто применять силу внутри государства и общества для спровоцирования «информационной войны» и так далее. Катарский телеканал «Аль-Джазира», основанный на нашем исследовании, использовал эту форму правления для демонстрации уровня арабской информационной безопасности.

В развитии мировой экономики и политики информация считается приоритетом по сравнению с другими силами власти благодаря принципам доступности, нейтралитета и оперативности. Термины «виртуальное общество» и «социальная сеть», сформированные благодаря доступности информации, создали новую среду среди читателей, другую аудиторию, чем раньше. То есть частные телеканалы, издания, сайты создают собственный капитал, рассматривая Интернет как основной источник информации.

И сила, которая контролирует то, как информация распространяется и представляется читателю, это сила, контролирующая данный капитал. В статье исследуются влияние власти на СМИ и его последствия с использованием политических СМИ. В результате изучения темы будет подробно разъяснен термин «информационная сила», а индекс агрессивности в СМИ будет определен посредством контент-анализа англоязычных публикаций «Аль-Джазиры» в 2015 году.

**Ключевые слова:** Аль-Джазира, Катар, информационная сила, международная политика, информационная безопасность.

**A. Zhumatai, G. Uzbekova**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **Paradigms of information power on the materials of the Al-Jazeera TV channel**

**Abstract.** Propaganda, misinformation, distortion of information - methods and technologies of informatization that undermine the domestic and foreign policy of the state. In the 70-80s of the twentieth century, the concept of an «information society» was formed, and a number of these technologies were supplemented by the mass media. Information security has become an integral part of national security, and the importance of communication between authorities and the media has increased. The importance of information security in journalism, the outcome of the relationship between the government and the media, and the power of information power can be explored through the broadcast of Al Jazeera in the Arab media.

Informational power has a number of differences and characteristics compared to other types of power. In particular, the overriding nature of reporting the incident to the audience (it trumps other forms of government, the decisions of the first party are followed by the latter); if a journalist uses his information as propaganda, the audience is more likely to follow the same manipulation; the ability to govern on behalf of the community; the activity of a group of people who know management methods, professionally engaged in this area; putting the interests of others first by offering one-sided opinions; have the right to individual control by establishing the order of public life; the ability to openly use force within the state and society to provoke an «information war» and so on. The Qatari Al Jazeera TV channel, based on our research, used this form of government to showcase the level of Arab information security.

In the development of the world economy and politics, information is considered a priority in comparison with other powers of power due to the principles of accessibility, neutrality, and efficiency. The terms «virtual society» and «social network», formed due to the availability of information, have created a new environment among readers, a different audience than before. That is, private TV channels, publications, and websites create their own capital, considering the Internet as the main source of information. And the power that controls how information is disseminated and presented to the reader is the power that controls that capital. The article examines the influence of power on the media and its consequences with the use of political media. As a result of studying the topic, the term «information power» will be explained in detail, and the index of aggressiveness in the media will be determined through a content analysis of the English language publications of Al-Jazeera in 2015.

**Keywords:** Al Jazeera, Qatar, information power, international politics, information security.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Жұматай А.** – журналистика магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан.

**Өзбекова Г.** – Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан.

**Zhumatay A.** – Master of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi str., Almaty, Kazakhstan.

**Uzbekova G.** – Associate Professor of the Department of Print and Electronic Media, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi str., Almaty, Kazakhstan.



XFTAP 19.41.07

М. Карекенов  
А. Шүрентаев

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан  
\*Корреспонденция үшін автор: manarbek-karekeny@mail.ru

## Әскери журналист ретінде қалыптасудың психологиялық алғы шарттары

**Аңдатпа.** Мақалада жоғары оқу орындарында оқып жүрген білім алушылардың болашақ журналист мамандығына психологиялық жағынан дайындығының маңыздылығы туралы айтылады. Журналистика ғылымының жоғары деңгейіне қол жеткізуге деген ұмтылысы жоғары. Біз осындай құлшыныстың уақыт талабына сай әрекет ете отырып, ертеңгі кәсіби маманды университет қабырғасында жүрген кезінде-ақ, тұлғаның өзін-өзі таныту мәселелерін терең біліп шыққанын қалаймыз. Себебі елге хабар-ошарды өз уақытында сапалы жеткізетін журналистердің өзіндік «мені» қалыптасуы керек. Баспасөз қызметіне орналасқан студенттер түрлі министрліктердің, ұйымдар мен ұжымдардың, мекемелердің бұқаралық ақпарат құралдары бойынша маманы ретінде орналасуы мүмкін. Бұл дегеніміз – журналист болуымен қатар сол саланың маманы ретінде қалыптасуы қажет деген сөз. Сондықтан мақаламызды осы бағытқа, яғни, болашақ журналистердің келекіштік жұмыстарына моральдық жағынан дайын болуға арналады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, журналистика мамандығының түлектері Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылымыдық Күштеріне баспасөз қызметіне орналасуы да мүмкін. Азаматтық тұлға мен әскери қызметшінің психологиясының екі түрлі болатыны ғылыми түрде дәлелденген. Ал бұл мақалада кәсіби тұрғыда әскери журналист ретінде қалыптасудың психологиялық алғы шарттарына тоқталдық.

Мұндай мақсатымыздың нәтижесінде алдымызда келесідей міндет тұрды: мамандыққа кәсіби түрде даярлау кезінде журналистерді тұлғалық өзін-өзі таныту жолдарын, тәсілдері мен шарттарын көрсету. Осы мақсатта білім алушылардың болашақ әскери журналист ретінде бағдарламалық оқу және кәсіби қызметте қалай көрсете бастайтынын айқындау.

**Түйін сөздер:** әскери журналистика, өзін-өзі таныту, патриоттық тәрбие, тарих, тәртіп.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-140-3-28-35>

## Кіріспе

Өткен ғасырдың соңғы он жылдығы мен екінші мың жылдықтың басындағы психология және педагогикағылымында зерттеу жұмыстары тұлғаның өзін-өзі қалыптастыруына деген ынта-жігердің пайда болуына зерттеу тақырыптарының нысанына айналуына ерекшеленуімен көзге түсті. Тереңінен қопарыла өзгертілген түрдегі жаңа теориялық заңдылықтар қалыптасты. Онда гуманистік бағыттағы психологиялық идеялардың негізінде жеке адамның қоршаған әлеуметтік ортасына әсер етуінің шарасыз объектісі ретінде емес, белсенді субъектісі ретінде, яғни, өз өміріне, өзінің әр іс-әрекетіне асқан жауапкершілікпен қарауға аяқ басқанының айқын көрінісін берді. Сонымен қатар, жүргізілген арнайы ғылыми ізденістердің нәтижесі көрсеткендей, кез-келген адам, дұрысында, өз өмірінің иесі болғанына қарамастан, өзін-өзі дамытудың негізгі күшіне айналады. Әрине, бұл үшін оған қоршаған ортасы, отбасы, әріптестері, сыныптастары және тағы басқалары әсер етері хақ.

Әскери журналист ретінде қалыптасудың психологиялық алғы шарттары бүгінгі маманның өзін жеке тұлға ретінде қалыптастырсам деген бастапқы қадамдарына жатады. Тұлғаның өзін-өзі танытудың қажеттілігі адамның барлығында орын алатын жағдай болғанымен оны іс жүзінде шынайы өмірге айналдыруға көбінің шама шарқы жете бермейді. Көбінесе «бәрінен жақсы болу» ниетімен құрылған көшбасшылық стратегиясынан «бәрі сияқты болу» ұстанымын жүзеге асыратын өзін-өзі жою стратегиясы басым бола бастайды. Зерттеушілер атап өткендей, қазіргі кезде бұл «әлеуметтік күйзеліс» жағдайындағы адамзат дағдарыс құбылыстарының әсеріне реакциялардың әмбебап моделі болмайтындығына байланысты. Бұл «жеке және топтық деңгейде тұлғаның өзін-өзі таныту тәсілдеріне түрліше әсер етеді» [1]. Сондықтан тұлғаның әскери журналист ретінде қалыптасудың психологиялық алғы шарттарының негізгі талаптарын білу мен оны жүзеге асырудың маңыздылығын білу – бүгінгі ғылымда маңызы зор.

## Зерттеу әдістері

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тұлғаның өзін-өзі таныту мәселесі соңғы жылдары адам санасының әртүрлі салаларындағы мамандардың: философ, психолог, мұғалімдердің назарын аударуда. Оның шешімі аяқталуға жақын деп қарастырылғанымен, көптеген зерттеулерде өте егжей-тегжейлі ұсынылған. Дегенмен, қазіргі уақыттағы ғылымда бұл құбылысты жүйелі түрде сипаттауға, оны жеке адамның жеке қасиеттерін, мінез-құлқын анықтау және растау үшін нақты қызмет ретінде алғышарттар әлі де жасалуда.

Философияда адамның өміршеңдігі мен белсенділігінің көзі болып табылатын осы үрдістің шеңберіндету тұлғаның өзін-өзі таныту құбылысына теориялық талдау жасалуда.

Психологияда тұлғаның өзін-өзі таныту мәселесіне әртүрлі көзқарастар қалыптасқан және оған түрлі сипаттамалар да берілген: қажеттіліктен туындау, сарын, тұлғаның өзін-өзі таныту ұстанымы, мінез-құлық тұрғысы, ерекшеленген көріністер, жас ерекшелігіне байланысты және тағы басқалары.

## Талқылау

Тұлғаның өзін-өзі таныту мәселесі кәсіби қызметте, сондай-ақ белгілі бір мамандарды даярлау кезіндегі бірінші кезектегі өзектілікке ие. Сондықтан психологтардың, педагогтардың көптеген жұмыстары тұлғаның кәсіби салада өзін-өзі таныту тақырыбындағы зерттеулерге арналған.

Тұлғаның өзін-өзі танытуы, сондай-ақ өзін-өзі дамыту адам қызметінің әр саласы үшін маңызды. Сонымен қатар, олар тұрақты түрде өз-өзіне талап қоя отырып, дамытуды жалғастырмаса маңызды нәтижелерге қол жеткізуі де мүмкін емес. Онда ол қызмет процесіне орта белінен қосылады деген сөз. Қызметтің мұндай түрлеріне адамдардың өмір сүріп отырған ортасындағы кәсіптік еңбектерінің түрлі табыс табу көзі болып табылатын кәсіптердің әртүрлі бағыты жатады. Мұның тізіміне актер, ұшқыш, астраном, бағбан және басқа да мамандықтардың барлығы кіреді. Осылар-

дың қатарындағы жөні бөлек категорияның қатарына журналистер соның ішіне әскери журналистер де құрайды.

Қазіргі кездегі қоғамның сағат сайын дамып бара жатқан қозғалыстағы тіршілігінде журналистиканың алатын орны өте жоғары деп те айта алмаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының адамзат өміріндегі алатын орнының ерекше екенін де жоққа шығара алмаймыз. Журналист – жаңа ғана болған жаңалықты жеткізетін жауапты маман болғандықтан оның жұмысының дәрежесі ел тұрғындарының көз алдында болары сөзсіз. Сондықтан олардың әр сөзі қалың жұртшылыққа ерекше әсер етіп, қоғамда болып жатқан құбылыстардың барлығына өзінше бір пікір қалыптастырары сөзсіз. Осыдан-ақ журналистердің кәсіптік білімі мен өз-өздерін ұстауы мен әр сөздеріне үлкен жауапкершілікпен қарап, әр сөзін ойдың таразасынан шығарғаны дұрыс. Халық арасына ел мен әлемде орын алып жатқан жаңалықтарды бірінші болып жария қылатын журналистердің өмірі мен кәсібі өскелең ұрпақтың бойына журналистік саланы таңдауларына үлкен септігін тигізуде. Соның салдарынан қазіргі кезде ғылымда әскери журналистиканың өзіндік психологиясы деген бағыттағы психология ғылымдарының ішінде өзінше бір саласы пайда болып отыр. Заман талабына сай пайда болған жаңаша ғылым өзінің төңірегінде журналистиканың әр жылдардағы пайда болуы және дамуы мен қалыптасу кезеңдеріне байланысты жылнамамен толықтыруларды жан-жақты зерттеуді нысанаға алады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыстарына теориялық талдау кезінде осы талаптарға анықтама беруге мүмкіндік берді: жеке тұлға - ішкі жандүниесінің тартымдылықтағы, сенімділіктегі, шыншылықтағы, симпатиядағы және сыйластықтың арқасында аудиторияға «сенімділік» атмосферасын беруге мүмкін туғызады. Кәсіби қасиеттері: имидждік, әлеуметтік рөлдегі, образдағы, аудиторияны білудегі, кері байланысқа жауап беру қабілеттері және тағы басқалары журналистика мамандығының шығармашылық сипатына, журналистің жеке басына және оның кәсіби

шеберлігіне қойылатын талаптар – тұлғаның өзін-өзі танытудағы журналистиканың ерекшеліктері.

Қазіргі студент жастарды – ертеңгі күнгі кәсіби журналистерді мамандыққа дайындау туралы айтар болсақ, соңғы жылдары студенттерге сабақ берудің үрдісі жаңаша бір түр мен кейіпке ауысқаны талас тудырмайды. Мұның өзі уақыт талабына сәйкес болған түбегейлі өзгеріс екенін мойындауымыз керек. Соның салдарынан кәсіби мамандарды дайындауға арналған сабақ жоспарының жүйесі де үлкен өзгеріске ұшырады. Өткен ғасырда айтауға да аты болмаған пәндер сабақ жоспарына кірді. Оның оңтайлылығы сол, студенттердің болашақтағы журналистік мамандығына психологиялық жағынан дайындық деңгейі айтарлықтай жоғарылады. Солай деседе, бұл өзгерістер негізгі мәселені, яғни, ертеңгі күнгі журналистің өзіне қатысты туындайтын сұрақтарды, жеке тұлға ретінде өз-өзін шығармашылық тұрғыдан дамуына толық күйде қамтамасыз еткен жоқ. Әдетте, жастар журналист мамандығында келесідей қасиеттерге ие болғанды қалайды: өршілдікке ие болуға, ерекшенуге, шығармашылық жолда өзін ерекше көрсетуге тырысады. Яғни, осы кезеңдестуденттердің, өзін-өзі таныту мен қалыптастырузор мүмкіндітері бар. Оқу үрдісі кезінде жастар өздерін түрлі жақтарынан сынайды. Журналистика мамандығымен толық танысуға тырысып, келешектегі жұмыстарының қызықтыратын, сонымен қатар кездесетін қиындықтарымен жақын танысуға талаптанады. Осы саладағы өздерінің қолтаңбаларын қалыптастыруға тырысады. Дегенмен, курстан курсқа көшкен сабақ оқу жылдарында мамандықтарының құпияларымен танысу барысында түрлі көзқарастардың қалыптасуы мүмкін. Біреулерінің болашақтағы қалам мен қағазды алып, әлем жаңалықтарын өзінің қызмет атқаратын редакциясы немесе телеарна, радио арқылы жұртшылық қауымға жеткізу жұмыстары одан әрі қызығушылығын көтере түседі. Мамандықтың өзгелер қол жеткізіп үлгермеген шыңына шығуға талпынады. Осы бағытта бар күш-жігерін сарп етеді. Күнітүні ізденуге кіріседі. Ал кейбір мамандар

үшін оқу семестрлеріндегі мамандықты толық тану барысында, журналистік жұмысқа деген қызығушылығы әлсірей бастайды. Ең басындағы өзі-өзін тұлға ретінде танытсам деген ұмтылысы әлсірейді. Мұндай оқуға деген, мамандыққа деген селқостық әрекеттен студенттердің бойында тек қана «жоғары білім алсам болды», «диплом алсам» болды деген алдамшы мақсатқа әкеліп соғады. Байқағанымыздай, мұндай кездерде студенттердің болашақ мамандығына деген ынта-жігердің дұрыс қалыптасуы мен артуына оқу орындарының оқытушылар ұжымының әсері мол. Себебі университет – талаптың жетегінде жүрген студент жастардың жеке тұлға ретінде өзін-өзі көрсету мен кәсіби қызметіне дұрыс төселуіне ерекше рөлатқаратын басты мекеме.

Сонымен қатар, журналистерді өмірінде орын алатын тағы бір жағдай – салалық бағытты терең игеру. Ол дегеніміз, бүгінгі түлектің ертеңгі күні журналист ретінде қызмет атқаратын мамандық саласындағы жұмысқа азғантай уақыттың ішінде қалыптасып кетуі. Солардың бірі, өзіндік ерекшеліктері мен талаптары бар, мамандығы күрделі – әскери журналистика. Әскери журналист дегеніміз – Отан алдында ант қабылдап, мемлекеттік қызметші ретінде халыққа қызмет ету. Сонымен қатар қалам мен қағазды серік қылып, әскери қызметте жүрген Күштік құрылымның беделін көтеру. Әскери қызметшілердің жұмыстарында орын алып жатқан жағымды жаңалықтарды халыққа жеткізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы еліміздің барлық өңіріне тарату. Әскери қызметші - мемлекеттік қызметшілердің қатарына жататындықтан, оның қызметі де белгілі бір заңның аясында ұйымдастырылады. Әскери журналист те Қазақстан Республикасының азаматтарының заңнамаларда белгіленген ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде және басқа да өзге әскерлері мен әскери құрылымдарындағы әскери қызметті өткеру қағидаларына сәйкес және әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткерудегі немесе әскери қызмет өткерудің келісім-шарты бойынша өз еркімен әскери қызметке орналасады [2]. Десек те, әскери

саладағы журналист болғанымен әр бұқаралық ақпарат құралы өкілдерінде кездесетін мәселелер әскери журналисті де айналып өтпесе керек. Себебі, әскери саладағы маманға қойылатын талаптың өзіндік ерекшелірі бар екені мәлім. Сондықтан да университет қабырғасында жүрген бүгінгі студенттерімізді, яғни келешектегі журналистеріміздің жоғары оқу орнында жүрген кезден-ақ ертеңгі күнге психологиялық жағынан дайындауымыз қажет. Себебі, журналист мамандығы дамыған заманда барлық салаларға қажет болатын мамандықтардың қатарында. Өзіміз білетіндей министрліктер мен үлкен кәсіптерде, ұжымдарда баспасөз хатшысы лауазымы қарастырылған. Сондай қызметтерге орналасатын бүгінгі журналистика мамандығында оқып жүрген студенттерімізді кез-келген сала бойынша, мамандық бойынша жұмыстардың маманы ретінде моралдық жағынан дайындау қазіргі заманның жоғары білікті мамандарды дайындайтын оқу орындарына қоятын талабы.

Ғылыми мақала дайындау үстінде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде анықталғандай, нақты бір тұлғаның өзін-өзі танытуында келесі реттегі стратегиясы бар: құрылымдық, басымшылық және жеке ерекшеліктеріне кері әсер ету [3]. Олар қағамның барлық салаларында анық көрініп тұратын факторлар. Әрине мұның барлығы да журналистік мамандықты таңдаған журналистерге де өзіндік қатысы бар. Жоғарыда аталған стратегиялардың оқу үрдісінде студенттердің оқуы мен кәсібіне, болашақ жұмысына әсері қалай пайда бола бастайды? Сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі танытудың мақсатты стратегиясын таңдау қабілетінен анықталатын кәсіби өзін-өзі танытудағы қалыптастырудың психологиялық ережесінің қандай болуы керек деген сұрақтар қалыптасады. Мұндай сұрақтарға жауап іздеу жолында зерттеуіміздің негізгі мәселелерін анықтап аламыз: «ертеңгі күнгі журналист – қазіргі студенттердің жеке басын кәсіби маман ретінде тануының психологиялық тұрғыдан алғы шарттары қандай болуы керек?». Аталған мәселені дұрыс шешу жолдарындағы мақсат: бүгінгі студенттердің – ке-

лер күндердегі журналистердің кәсіби өзін-өзі растаудағы психологиялық жай-күйлерін дәлелдеу және іс жүзінде тәжірбиеден өткізу болды. Зерделеудің нысан – болашақ кәсіби журналист-студенттер қаумының тұлғалық өзін-өзі танытуының психологиялық шарттары. Зерделеудің барысы негізінен жан-жақты міндеттерді қамтиды. Оған келесі шаралар жатады: тұлғаның жеке басын растау бойынша мәселесіне теориялық талдау жасау. Сонымен қатар болашақ журналист маманның ерекшелігін көрсету. Студенттердің ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан бөлек-бөлек зерделеу.

Ғылыми мақаланың көзі ретінде келесі болжамдар шығарылды: болашақ журналистің маман ретінде өзін қалыптастыруы. Егер де ертеңгі маман тұлғаның өзін-өзі танытудың басымдығымен ерекшеленсе; оның келекестік бейнесі қалыптасса; журналистика саласындағы жұмысының шығармашылық мәнікөрінесе, тұлғаның өзін-өзі танытуының кәсіби жағынан дамығанын көрсетсе, тұлғаның өзін-өзі танытудың қажетті стратегиясын және жеке қасиеттерін, артықшылығы мен кемшіліктері анықталып, расталып, нақты қызмет ретінде кәсіби жағынан үлкен жетістікке ие болады.

Сонымен қатар, болашақ журналист маманның өзін тұлғалық жағынан таныту - өзін-өзі жағымды жағынан кәсіби бекітуді орнықтыратын тұрғыдан психологиядағы шарттары: тұлғаның өзін-өзі танытумен кәсіптік сындарлы бағдарламасының өзектілендіруге бағытталған «журналистика саласындағы өзін-өзі таныту психологиясы» сияқты арнайы сағаттар енгізу арқылы келешектегі журналист мамандардың кәсіби дайындығын арттыру. Тұлғаның кәсіпке қалыптасуын арттыру: мамандыққа өзін-өзі жақсылап бекітудің саласын дұрыс бағдарлау, оның қалыптасу психологиялық бейнесін жасау, журналистік жұмыстың ерекшелігін оның шығармашылық жағынан мүмкіндіктері жағынан түсіну. Өзін ертеңгі қызметтің кәсіби маманы ретінде қалыптастыру. Өз-өзін позитивті растаудың ерекшеленген әдіс-тәсілдеріне оқыту. Кәсіпті шынайы таңдай білу. Кәсіптік тұрғыдан бекітіліп арттыру. Қызметтегі өзіндік шығар-

машылық ерекшелігін дамыту. Осы аталған жан-жақты шаралардың психологиялық жағынан алғанда бірнеше теориялық және тәжірбие жүзіндегі оқу дәрістерін қамтитын арнайы бағдарламалардың жасалады.

Жалпы алғанда зерттеудің теориялық және әдістік баламасына жеке тұлға ретінде ғылыми жұмысты зерттеуге, психологиялық жағынан құбылыстарды талдауға көзқарастың жүйеленген принциптері мен әдістері, дамуының принципі, қызмет пен белсенді болудың негізгі психологиялық теориядағы ережелері, әртүрлі кезеңдердегі жеке тұлғалардың дамуының негізгі тұжырымдамалық ережелері, адамның өзін-өзі дамыту тұрғысындағы тұжырымдамалары, адамның өзін-өзі тану тұжырымдамасының негізгі ережелері .

### Нәтижелер

Ғылыми тұрғыдан алғандағы мақаланың жаңалығы студент жастардың болашақ журналист мамандардың тұлғаның өзін-өзі таныту шарттары жағымды жағынан тұжырымдалған. Негізінен журналистика саласында тұлғалық өзін-өзі таныту ерекшелігі анықталған. Студент жастардың тұлғалық өзін-өзі таныту айрықша жолдары сипатталған. Түрлі бағдарламаларға (құрылымдық, басымшылық және жеке ерекшеліктеріне кері әсер ету) бағытталған студент жастардың жекелеген психологиялық портреттері келтіріледі. Жаңа дәуірдегі замануи журналистикада тұлғалық өзін-өзі таныту әлеуметтік-психологиялық пайымы жасалады.

Теориялық маңыздылығы жағынан қарайтын болсақ, бүгінгі психологияның келешек мамандығының шығармашылықпен айналысу болатын студенттердің тұлғалық өзін-өзі таныту ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейту. Кәсіби тұрғыдан тұлғалық өзін-өзі танытудың психологиялық әсерлерін анықтау. Психология жағынан өзара байланыстағы өзара кәсіби салада тұлғалық өзін-өзі таныту бағдарламаларын таңдаудағы әсері анықталды. Психологиялық әсерлердің нәтижесіндегі айырмашылықтар бойынша айқындау негізінде болашақтағы журналист, бүгінгі студент жастардың тұлғалық өзін-өзі таныту



бағдарламалары сипатталған. Практикалық маңыздылығына студенттердің оқу және кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі оң растауға бағыттауды дамытатын тұтас бағдарлама әзірлеу және зерттеу арқылы да сынау. Зерттеу материалдарын нақтылау арқылы кәсіптік байыптауда шығармашылық тұрғыдан белсенділікті арттырып, қорытындысында оқу орнына арналған практикалық ұсыныстар мен ұсыныстар жасау.

### Қорытынды

Ғылыми мақалада болашақ журналист жастардың белсенді түрді өз-өздерін танытуда психологиялық шарттары жан-жақты қарастырылды. Қазіргі кездегі біздің алдымызда тұрған негізгі міндеттердің қатарына тұлғаның өзін-өзі таныту құбылысы мен жобаларын, кәсіптік тұрғыда өзін-өзі танытудың психологиялық жағынан зерттеулер жүргізу арқылы таныту. Сонымен қатар шығармашылық мамандықта, атап айтар болсақ, журналистика саласында тұлғаның өзін-өзі танытудың ерекшеліктері мен өзіне тән қасиеттерін мұқият зерттеу жүргізу арқылы таныту. Тұлғаның өзін-өзі танытудың теори-

ялық және эксперименттік тұрғыдан мақалада жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: мақаладағы ғылыми зерттеу барысында психологиялық теорияларда тұлғаның өзін-өзі таныту мәселесінің пайда болуы мен дамуы зерттелді, анықталды. Осы тақырыптағы психологиялық әдебиеттерге шолу тұлғаның өзін-өзі таныту тақырыбындағы жұмыстардың бар екеніне көзіміз жетті. Дегенмен, олардың барлығы бір типтік, бір сөзбен айтқанда тар бағытты тәсілге ие екенін аңғартты. Сонымен қатар, «Адамның өзін-өзі растау феномені» монографиясының авторлары Е.Никитин мен Н.Харламенковалар өздерінің жұмыстарында тұлғаның өзін-өзі таныту тақырыбы бойынша зерттеулердің қоспаларын біріктіруге және бір жүйеге келтіруге тырысты. Олар: «Көптеген мәселелер өз дәрежесінде қозғалмалы. Ал кейбір мәселелер мүлдем қарастырылмады» деп атап өтті [4]. Әлемдегі түрлі арнайы психологиялық мектептер мен бағыттарда «Тұлғаның өзін-өзі таныту» ұғымы екі түрлі бағытта түсіндіріледі. Мұның өзі бізге тұлғаның өзін-өзі таныту мәселесі одан әрі теориялық тұрғыдан зерттеуді қажет ететіндігін анық көрсетіп тұр.

### Әдебиеттер

1. Е.Сидоренко. Методы математической обработки в психологии.- Санкт-Петербург: Социально-психологический центр -1996. - 349 с.
2. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери Жарғылары.- Алматы-2016. - 5 б.
3. С.Пантеев, В.Столин. Метод самооценки. // Вестник МГУ. Серия №14. - 1989. №1. – С. 14-20.
4. В.Панферов. Психология человека. Учебное пособие.- Санкт-Петербург. - 2000. - 160 с.

### References

1. E. Sidorenko. Metody matematicheskoy obrabotki v psihologii [Methods of mathematical processing in Psychology] (Socio-psychological center, St. Petersburg, 1996, 349 p.).
2. Kazakstan Respublikasy Karuly kyshterinin, baska da askerleri men askeri kurylymdarynyn zhalpy askeri Zhargylary [General Military charters of the armed forces, other troops and military formations of the Republic of Kazakhstan] (Almaty, 2016, 5 p.).
3. Pantileev S., Stolin V. Metod samoocenki [The method of self-assessment], Vestnik MGU. Serija №14 [Bulletin of Moscow State University, Series No. 14], 1, 14-20 (1989).
4. Panferov V. Psihologija cheloveka [Human psychology]. Textbook (St. Petersburg, 2000, 160 p.).

М. Карекенов, А. Шурентаев

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан

### Психологические предпосылки становления военного журналиста

**Аннотация.** В статье рассказывается о важности психологической готовности студентов, обучающихся в высших учебных заведениях, к будущей журналистской профессии. Стремление к достижению высокого уровня современной журналистской науки велико. Учитывая, что такое рвение - это вызов времени, мы хотим, чтобы завтрашний специалист, находясь в стенах университета, глубоко осознал проблемы самореализации личности. У журналистов, которые своевременно и качественно сообщают новости в стране, должно быть свое «я». Студенты, вовлеченные в пресс-службу, могут позиционироваться как специалисты по средствам массовой информации различных министерств, организаций, коллективов и учреждений. Это значит, что, помимо того, что он является журналистом, он должен быть формироваться как специалист и член коллектива. Поэтому наша статья посвящена данному направлению, то есть моральной готовности будущих журналистов к предстоящей работе.

Как мы уже упоминали, некоторые выпускники специальности «Журналистика» могут быть зачислены в силовые структуры Вооруженных Сил Республики Казахстан на специальность военной журналистики. Научно доказано, что психология гражданского лица и военнослужащего бывает двух видов. Мы остановились на психологических предпосылках становления в профессиональном плане военного журналиста.

Достижение цели определило следующую задачу: показать пути, способы и условия личностного самовыражения журналистов при профессиональной подготовке к профессии. Показать, как студенты начинают проявлять себя в программной учебной и профессиональной деятельности в качестве будущих военных журналистов.

**Ключевые слова:** военная журналистика, самовыражение, самосознание, патриотическое воспитание, история, дисциплина, воспитание.

М. Karekenov, A. Shurentayev

A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

### Psychological prerequisites for becoming a military journalist

**Abstract.** The article talks about the importance of the psychological readiness of students studying in higher educational institutions for the future profession of a journalist. Modern journalism has a high desire to achieve the highest level of science. Taking into account the fact that such diligence meets the requirements of the time, we want tomorrow's professional to learn more deeply about the problems of self-realization during his stay at the University. Because journalists who deliver high-quality news to the country at the right time should form their own «me». In the future profession, students who become journalist specialists with a wide range of specialties face the problem of short-term acquisition of the specifics of their positions. Students who are in the press service can be employed as specialists in the mass media of various ministries, various organizations and collectives, and institutions. This means that in addition to being a journalist, you need to become a member of the team as a concubine specialist in this field. Therefore, our article is devoted to this direction, that is, to the moral readiness of future journalists to engage in their work.

As we have already mentioned, some graduates of the specialty of journalism can also be assigned to the structural forces of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan for the specialty of military journalism. It is scientifically proven that the psychology of a civilian and a serviceman are two different things. And we discussed in our article about the psychological prerequisites for becoming a professional military journalist.

As a result of this goal, we faced the following task: to show the ways, methods, and conditions of personal self-expression of journalists in the professional training of future journalists for the profession. To this end, it is necessary to show how students, as future military journalists, begin to show themselves in program training and professional activities.

**Keywords:** military journalism, preparation for military journalism, self-realization of the individual, self-realization, patriotic education, history, discipline, education.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Карекенов М.А.** – қазақ тілі мен әдебиет магистрі, «8D03201-Журналистика» білім беру бағдарламасының докторанты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

**Шүрентаев А.М.** – PhD, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының меңгерушісі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

**Karekenov M.A.** – Master of Kazakh language and literature, doctoral student of the educational program «8D03201-Journalism», A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

**Shurentayev A.M.** – Ph.D., Head of the Department of Journalism and Communication Management, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.



XFTAP 19.41.41

Р. Жақсылықбаева  
А. Ақынбекова  
Р. Бакенова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
\*Корреспонденция үшін автор: jak-rimma@mail.ru

## Шерхан Мұртаза публицистикасында ұлттық мүдде мәселелері

**Аңдатпа.** Қазақ журналистикасының қара нары, белгілі жазушы, публицист, журналист Шерхан Мұртазаның шығармашылығын қай қырынан алып қарасаңыз да, шеберлікке бағытталғанын аңғару қиын емес. Әсіресе, публицистикасындағы мәселе көтеруін, тілдік, стильдік ерекшелігін ғылыми тұрғыда әлі де болса терең қаузап, зерттеп жүрген ғалымдар өте аз.

Ғылыми мақалада Шерханның ұлтқа, тілге, жерге, елге қатысты жазылған публицистикалық туындыларын бүгінгі көзқараста пайымдалып, шынайы бағасы беріледі. Халықтық, рухтық мүддені қозғайтын материалдары талданып, фактіні, шындықты дәл айтатын журналистік шеберлігі сарапқа салынады. Публицистикалық толғаныстары мен мақалаларының ерекшелік сипаттарына публицистік қызметінің қалыптасу жолы арқылы баға беріледі.

Мақалада сондай-ақ, Шерханның журналистік шеберлік бағытындағы заман үрдісін, қоғамның көкейкесті мәселелерін айтудағы пайым-парасаты ғылыми тұжырымға негізделі отырып, салмақты түйін жасалады. Саяси, мәдени, әлеуметтік, ғылыми-публицистикалық толғамды мақалалары арқылы терең білімді, саяси сауатты, шебер журналистік қыры айқындалады.

**Түйін сөздер:** публицист, редактор, қаламгер, мақала, очерк, дәйек, журналистік шеберлік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-140-3-36-43>

### Кіріспе

Шерхан Мұртаза есімі – көзі қарақты кезкелген қазақ оқырманына жақсы таныс. Шерханның қазақ журналистикасындағы шығармашылық әдіс-тәсілдерін зерделеп, байыптап қарайтын болсақ, оқырман ой-са-

насына жетерлік бай тәжірибесін, көркемдік ой шеберлігін, тақырыптық проблемаларының молдығын байқар едік.

Ш.Мұртаза көптеген жауапты қызметтерде, атап айтқанда, «Лениншіл жас» газетінің, «Жалын» альманағының, «Жұлдыз» журналының, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік

Қазақстан» газеттерінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан» телерадио корпорациясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Журналистикада да, әдебиетте де осылайша өз орнын белгілеп алу – көп адамның қолынан келе бермейтін дүние. Шерханның көп айтыла бермейтін «Не жетпейді?» жинағындағы публицистикалық жазбалары, кезінде Америка, Пәкістан, Үндістан сапарларынан туған жаңа үлгідегі жолжазба очерктері ақмылтық журналист екендігін танытты. Шерхан Мұртаза – қаламгерлік өнер саласын жыға танып, жадына мықтап түйіп, игеруге тас-түйін бекініп келген суреткер.

Өмір ақиқатына барласақ, бойындағы қабілеті мен алғырлығы, табандылығы, қайсарлығы арқылы шығармашылық шеберлікке, көздеген мақсатқа жету жолында қажырлы еңбекқорлықты үйлестіре білгендер ғана жеңіске жетеді. Шерханның шығармашылық жолы – осындай азаматтық, рухани әділ жеңістің айқын дәлелі. Өйткені, мұның өзі кімге болсын оңайлықпен келмейтіні белгілі.

### Зерттеу әдістері

Белгілі бір ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңі ең алдымен, сол ұлттың әдебиетіне, өнеріне, журналистикасына із тастайды. Ұлттың рухы көтеріліп, еңсесі биіктегенде оның журналистикасы да, әдебиеті де, өнері де түлеп, толысып, болашаққа көз тігеді. Уақыт өткен сайын бұрынғыны бағамдап, жаңаны саралап отыру – өмір талабы. Бұл әсіресе, публицистика секілді шығармашылық салаға қатысты жайт.

Қазақ журналистерінің рухани әлемімізде публицистиканы қалыптастыруға тигізген әсері аз емес. Публицистиканың ішкі сырын, сипат-қасиетін, әдіс-тәсілін, көркемдік ізденісін саралау – кезек күттірметін мәселе. Мұның өзі сайып келгенде, бүгінге дейінгі журналистикасының даму деңгейін көрсетеді. Демек, қазақ публицистиканың өсіп-өркен-

деуі бұрынғының бүгінге негіз болуынан деп қарау керек. Дәстүрлі шығармашылықты қалыптастырушылар санатында журналистмен бірге, классик жазушылардың да публицистиканы өркендетуге қосатынын білгеніміз жөн. Журналист өмірі – шығармашылық шеберліктен тұратын күрделі жүйе. Сондықтан, ол қайталанбаушылыққа жолықпай, үнемі жаңа идея, зерттелмеген жаңа дүниелерді ашып, халыққа таратуды талап етеді. Жалпы, шығармашылық шеберлікте табиғи дарынның, қарым-қабілеттің, білім мен ізденістің ауадай қажет екені айналып келгенде, шеберлікті бастау саласына айналары сөзсіз. Алдағы мақсаттарды айқындап, халықты дұрыс жолға сала білетін, ел қамын ойлайтын журналист – ол нағыз публицист. Заман ағымына ілесіп қана қоймай, заман ағымына сыни көзбен қарай білген журналист қана мықты публицист бола алады.

Журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі алып отырған тақырыбына да тікелей байланысты. Зерттеуші В.М. Горохов: «Публицистің баспасөздегі шығармашылық тақырыбы әлеуметтік қажеттіліктен туындауы қажет. Ол тұста журналистің талдауы мен көзқарасынан білім, парасаты көрініс табады», -десе [1], ғалым С.С. Распопова: «Әрбір публицистикалық мәтін кез келген қоғамдағы мәселеден туындауы мүмкін. Журналист оң шешімін табатын әлеуметтік тақырыпта аса қырағы, нақты жағдайға байланысты қоғамдық резонанс емес, шешім табатындай мүддені көздеуі керек», -деген пайымды тұжырым жасайды [2]. Ал теоретик ғалым М.Н. Кимнің пікірінше: «Публицистикалық тақырыптың тууы қашанда қызықты объектіні іздеуімен байланысты. Бұл ұғымға әркім өзінше мән береді. Біреулер үшін бұл қызықты тақырыппен оқиға болса, кейбіріне ешкім қалам тербемеген белгісіз сала болуы мүмкін. Ал басқаларға өмірдегі қызықты, шытырман оқиға да болуы ғажап емес» [3]. Қалай десек те, Шерхан публицистикасындағы ұлттық мүдде тақырыбы 1957 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Қарағандыдағы меншікті тілшілігінен басталды. Қарағанды Металлургия алыбы құрылысындағы жаңа-

лықтарды, ерен еңбек үстіндегі ерлерді көріп, Қазақстан Магниткасындағы жетпіс метрлік домнаның ұшар басына темір сатымен көтеріліп, талай мәрте мартен пешінің алқымына үңіліп, отты болат тасқынын тамашалаған сәттері болды. Шерханның өзі: «Теміртаудағы металлургия алыбының іргетасы қаланғанын өз көзіммен көрдім. Талай-талай шахталардың астына түстім...», - деуі [4], мақалаларын жазбастан бұрын өмір құбылысын көзімен көріп, електен өткізіп барып, көңілі қаныққан дүниелерін ғана жариялап отырғандығын аңғартады.

Орыс баспасөзін зерттеуші Е.П. Прохоров: «Журналист қашанда өмірге деген көзқарасын басшылыққа ала отырып, соған қатысты фактілерді жинақтап, ең қажеттісін бөліп қарастырады. Мақаласына осындай топтастырылған, жинақталған, нақты фактіні көрсете алады. Басқаша айтсақ, газеттегі «қарапайым» хабардың өзінен журналистің үлкен ой еңбегін көреміз, сондықтан да, әрбір хабардағы жаңалық – журналистің түсінік, тұжырымы әрі фактіге берген бағасындағы ой қорытындысы», - деген пікірімен келісуімізге болады [5]. Шерхан Мұртаза сүбелі шығармалар жазып, әдебиет пен қазақ журналистикасының дамуына өзіндік үлес қосқан жазушы-журналист ретінде кез келген жанрда еркін көсіліп жаза алатын шеберлігін, өзіндік өрнегін айқындап берді. Суреткер Ш.Мұртазаның публицистикасын жанрлық тұрғыда қарастырғанда онда қарапайым заметкадан, репортаж, корреспонденция, мақала, рецензия, очерк, фельетон сынды публицистиканың алуан жанрын байқауға болады. Бұл Шерханның баспасөздің кез-келген жанрына қалам тартып, мәселені сан қырынан шебер әрі ұтымды жеткізе білген шығармашылық мүмкіндігінің мол екендігін аңғартса керек.

### Талқылау

Шеберлік ұғымның ауқымы – кең. Ол талмай талаптану, іздену, шығармашылық тәжірибе байлығының молдығымен жетіліп, қалыптасады. Яғни, шеберлік – өз ісіне иелік ету, ол публицистің шығармашылық қабілеті

мен тәжірибесінен көрінеді. Ш.Мұртазаның алғашқы 1956-1969 жылдардағы жазбагерлік мұрасын жинақтап, топтастырып, тақырыптық, жанрлық жағынан жүйегенде, 50-ге жуық заметкасын, 62-корреспонденциясын, 5-фельетонын, 8-сын рецензиясын, 47-очеркін, 50-ден аса публицистикалық мақаласын байқадық.

Жазушы өміріндегі ең елеулі кезең 1956-1969 жылдар аралығында әсіресе, 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің бас редакторы қызметін атқара жүріп, еңбек адамдарының өмірінен көптеген әлеуметтік, портрет очерктерін, өндіріс тақырыбындағы проблемалық мақалаларын жазды, сөйтіп, болашақ көркем шығармаларының материалын да жинақтай жүрді. Нәтижесінде, ең алғашқы «Құрылысшы Дәуі» (1958) очерктер жинағы, ең алғашқы «Табылған теңіз» (1964) повесі, ізінше «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1966), «Мылтықсыз майдан» (1969) шығармалары жарық көрді. Бұл журналистика – күллі шығармашылық қабілетті танытатын сала, ол үшін өнімді, нәтижелі еңбек пен өнімсіз, қажырсыз еңбекті ажырата білу қажет, екеуінің аражігі журналист шығармашылығынан айқын көрініп тұратындығын көрсетеді.

1970-1989 жылдар аралығындағы Ш.Мұртаза шығармаларына тән ерекшелік – тақырып ауқымдылығының кеңдігі, көнігі журналистік пайыммен қоғамның мәдениетінен, өнерінен, ғылымынан, білімінен, экономикасынан мақала, очерк жазып отырды. Мәселен, «Абай сәулесі», «Алтын күрек», «Таушымылдық», «Өскекең мәдениет жаршысы», «Жасампаздық жолымен», «Отан даңқын асырайық», «Адал еңбек», «Не жетпейді?», «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды», т.б. публицистикалық мақалалары жарық дүниеге келді.

Шерхан мақаларында көбінесе, адамгершілік, парасаттылық, тәрбие, өнер мәселелері жиі қозғалды. Қаламгердің «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» атты проблемалық мақаласында өткір, ойлы, жұртты ойландырар мәселелерді жаны ауыра отырып суреттейді. Тарихтың терең астарына үңіліп,

көкірек көзі сүзбесінен өткерген Шерхан мақаласында осы уақытқа дейін халықтардың өткен жолына көз жұмып қарап келгенімізді, Голощекиннің «Кіші Қазан» саясаты халқымыздың тең жарымынан астамын аптықтың құрбаны етсе, Хрущевтің, «Тыңды бағындыруы» қазаққа соққы болып тигендігін: «Тыңды, яғни Қазақстанды, «бағындырмақ» пиғыл әріден, біздер біле бермейтін әр алуан патшалар, заманынан басталса керек, Сібірді, Қазақстанның Сібір жақ пұшпағын «бағындырғандардың» басы Ермак шығар. Ермакты «ұлттық батыр» дейтіндер бар. Әйтпесе Ертістің бойында, Павлодар облысында тұтас бір аудан Ермак атымен аталып, сол аттас қалада Ермакқа орасан ескерткіш орнатылар ма еді? Және оның тұғырына: «Ермакқа дән риза ұрпақтарынан!» деп тасқа қашап жазылар ма еді? Ал «ұрпақтары» – кешегі тың игерушілер ғой. Бірақ олардың ұраны: «Тыңды игерейік!» емес, «Тыңды бағындырайық!» болды. Тың дегеніміз – жер. Жер дегеніміз – Ана. Ал анасын бағындыратын адам бола ма екен?!», - деп шындықты жайып салады.

«Тыңды бағындыру» кезінде мыңдаған қазақ ауылдарының шаңырағы шайқалып, қазақ мектептерінің жабылғандығын: «Сол «тың эпопеясы» тұсында қазақ мектептері жабылғаны туралы, жергілікті халықтың мың жылдық тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, халықтың ұлттық қасиеті топырақпен бірге қақырап бара жатқаны туралы поэмалар жазылған жоқ... Мектеп жабылған соң – тіл кетті. Ал ана тілінен айрылған халық – о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айрылған ұлт – тарихынан, түп-тамырынан айрылған ұлт. Тілсізді ұлт деуге де келмейді. Тілінен айрылған халық – ата-бабасының, туған әкесі мен туған анасының атын ұмытқан халық...», - деп ашына жазады [6]. Шерханның «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» проблемалық мақаласы – бір ғана тарих мәселесін ғана емес, жер, тіл тәрізді келелі мәселелерді де қамтып, ұлт туралы өзекті ой айта білгендігімен құнды.

Публицистика дәуір тарихын жасай отырып, тіршіліктің сан-қилы оқиғаларын бейнелеп, өткенді бүгінгімен, бүгінді келешекпен

байланыстыра отырып, бұқара алдына жайып салады. Үнемі дамуда, ілгерілеуде, ізденісте болады. Журналист заман ағымына сай оқиға мен құбылысты беруде мазмұн мен түр ерекшелігін үнемі жетілдіріп отырады.

1990 жылдары жазылған публицистикасында саясат, экономика, қаражат, жұмыссыздық, жекешелендіру, ел байлығы, қазақ журналистикасы мәселесін т.б. қаузап, қоғам қайшылықтарын саралап, зерделей жазды. Ұлтжанды Шерханның айбарлы мінезі мен азулы пікірі жүрегін сыздататын мәселелерден туындап, парламенттік бас қосуларда, баспасөз беттерінде халық көкейінен шығып, оқырман көңілін толқытты. Соның ең бастысы, Шерхан Мұртаза үшін – ұлт мүддесі, жер мәселесі. «Ақ жарылқап заман үшін», «Қиналғанда шыққан сөз», «Тәуелсіздік толғағы», «Бөліп ал да, билей бер!», «Тәуелсіздік ешқашан сатылмайды», «Анасын сатқан бар ма екен?», «Сатылмаған не қалды?», «Алтын сандықтың кілті кімде?» т.с.с. проблемалық мақала, хаттарында әркімді ойландырып, толғандырып отырған өмірдің өзекті мәселелер қозғалды. Еліміздің тағдыры, жеріміздің жайы үлкен мәселе екендігі айтылады.

Мәселен, Шерхан Мұртаза: «Империяның өзі қандай алып болса, араны да сонша көп ашылмақ. Ол үшін жер бетінде, айталық, қазақ деген халықтың болу-болмауының құны көк тиын. Ол үшін қазақтың халқы емес, бай жері керек. Жерді босатып, имендену керек. Бұл салада империя көп жеңіске жетті. Сана уланды, тілі өлімсіреді, ұлттық рухани әлем күйреу халіне жетті. Осының салдарынан кейбір пақырлар өзін «қазақшын» деп қасқайып айтуға ұялып, намыстанатын ауруға ұшырады. Бұлар, амал жоқ, ұлттық нигилистерге айналды. Өз ұлтын жек көретіндерді, өз ұлтын өзгелерден кем санайтындарды осылай деп атайды.

Ал, енді қоғамның біздегі тағы бір қасіреті: осы нигилистер өзі қазақ бола тұра қазақ тілін үйренуге құлықсыз. Өйткені, қазақ тілі ол үшін артық бейнет, ауыр жүк. Орысша білмесең, басың алтын болса да іске алғыссыз күн болған.

Тәуелсіздік таңы атты. Қазақ тілінің күні туды дедік.

Қазақ тілі жеке дара мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілді дедік.

Тақиямызды аспанға лақтырдық. Асығыстық болды. Өйткені сол тақия қайтіп жерге түспей, бой жетпес бір ағаштың бұтағына ілініп қалған сыңайлы» [7].

Тілсіз қоғам, қоғамнан тыс тіл болмайтынын ескерсек, Шерханның жан шырылын терең ұғынуға болады. Мемлекет тарапынан да тілге қамқорлық, қолдау керектігін әр мақаласында тілге тиек етіп, ел назарына ұсынып отырды.

### Нәтижелер

Шерхан Мұртаза Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты (№ 52 Меркі сайлау округі бойынша 1994 жылдың 14 ақпанында сайланды), Парламент Мәжілісінің депутаты (12 қазан 1999) болды. Дәл сол тұста жазылған проблемалық мақалаларында ана тіл, жер мәселелеріне қатысты ойлары ащы шындыққа негізделді, қоғам ойын дөп басты. «Егемен Қазақстан» газетінде «Анасын сатқан бар ма екен?» (27.07.1999), «Бірікпесек бөрі жейді» (01.10.1999), «Сайлаудан соңғы ойлар» (19.11.1999), «Кездесуден кейінгі ойлар» (28.04.2000) т.б. проблемалық мақалаларында мемлекеттің, ел мен жердің тағдырына қатысты кез-келген мәселеге ең бірінші болып үн қоса отырып, ашынып, ашығын айтты.

Айталық, «Шынымды айтсам, мен сол Парламентте отырғанда Ресейдің Тамбов, не Новгород губерниясының жиналысында отырғандай боламын. Адасып келген адамдай, қазақша сөйлеген боламын. Оным орысшадан құралақан қалғандығым емес, тым құрыса титтей де болса қазақ исі білінсінші дегенім. Онымды көбісі басқаша бағалап, «ұлтшыл» дейді. Құқай еткісі келеді.

Ендігі шиеленіскен түйін – жер мәселесі. Депутат В. Михайлов және оның жақтастары жер жеке меншікке берілсін, сатылсын дейді. Мәлімдеме, үндеу таратқан бизнесмендердің де талабы сол. Сонда жерді кім сатып ала алады? Дәл қазір сол бизнесмендер оңай кредитпен, оңай несиелем, оңай байығандар ғана ала алады. Шетелдік байлар алады. Ал, жалпы халық, қалың қазақ бұл үлестен құралақан қала-

ды. Өйткені барлығының дерлік шама-шарқы белгілі.

Жер жеке меншікке берілсін. Бірақ жалға, белгілі бір жалға, арендаға берілсін. Ал, түпкілікті сатып жіберу – әбестік.

Жақында Қазақстан Президенті мен Ресей Президенті азаматтық туралы «жеңілдетілген» жол тауып, келісім-шартқа қол қойды. Менің бұған да күмәнім бар. Кімге «жеңіл», кімге «ауыр» екені беймәлімдеу құжат. Қазақстандық орыстардың Ресейде тұратын туыстары бізге емін-еркін келіп, тұрақтап қалуына да болатын көрінеді. Ресейдегі жақындарына бару үшін, айталық, қазақтарға да сондай мүмкіндік беріліпті дейік. Бірақ қаземдердің Ресейде тұратын туған-туысқаны, құда-құдағиы сан-жағынан орыстадікімен салыстыруға келе ме екен. Кім ұтылды, кім ұтты? Үлкен сұрақ [8].

«Мемлекет қазанының қақпағы жоқ. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді. Байлық ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жүр.

Парламент жұмысы бастан-аяқ тек орыс тілінде жүреді. Қазақшаға тыйым салған ешкім жоқ. Бірақ көп қазақтар орысшаға орыстарда да жүйрік. Бағынышты құлдық психология сүйекке сіңіп қалған. Батпандап кірген дерт мысқалдап қана шығуы мүмкін» [9].

Қазақстан Президентіне ашық хаты баспасөзде жарияланды [10]. Шерхан жер мәселесіне келгенде: «Жер – Алланың адамзатқа бұйыртқан баға жетпес байлығы. «Жерді сату деген идея тек отансыздардың ғана ойына келеді», - деп жазды [11].

«Публицистика – өмірдің әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, ғылыми және басқа да рухани құбылыстарын, өмір фактілерін өзіне арқау ететін жанр» екендігін ескерсек, Осындай публицистикалық толғамдарынан оның батылдығын, ақиқатты, шындықты дер кезінде оқырманға дәл, нақты жеткізетін журналистік шеберлігін байқаймыз. Журналист А.Сәрсенбаевтың: «Маған Шерағанның Шерхан Мұртазаның бітім-болмысы қатты ұнайды, әрі таңқалдырады. Үлкен суреткер, халық жазушысы бола жүріп бүгінгі күннің өзекті мәселесін жан-тәнімен сезініп, шағын мақалаларының өзінен-ақ журналистиканың классикалық үлгілерін көрсетуі қолына қалам



ұстаған әрбір азаматқа өнеге болмақ», - деген пайымды ойымен толық келісуге болады [12].

Шерхан Мұртазаның публицист Камал Смайыловпен «Егемен Қазақстан» газеті арқылы жарты жыл бойы (1996. 12.07-1997. 26.12) жазысқан публицистикалық хаттарының да әлеуметтік маңызы зор болды. Шерханның Камалға жазған «Алтын сандықтың үстінде отырып» («Егемен Қазақстан». 1996. 12 қыркүйек), «Кедеймін деп қорланба» («Егемен Қазақстан». 1996. 7 желтоқсан), «Әкімдер ойланар ма екен?» («Егемен Қазақстан». 1997. 28 тамыз), «Жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық» («Егемен Қазақстан». 1997. 1 қазан), «Адам құны» («Егемен Қазақстан». 1997. 26 желтоқсан), «Кірлеген дүрбіні кім тазартады?» («Егемен Қазақстан». 1997. 26 маусым) т.б. хаттарында елдегі жұмыссыздықтың ауылдағы жастарға тигізіп отырған зардабын, ұрлық-қарлық, жемқорлық, парақорлықтың көбейгендігін қаузап, қоғамда кездесіп отырған келеңсіздіктерге батыл баруы, әділетті үн көтеруі уақыт, дәуір алдындағы шамадан тыс жауапкершілікті сезінетіндігін аңғартады. Қоғамдағы келеңсіздікті батыл, шапшаң, ашық жазып, оқырманнан жоғары бағасын алды.

### Қорытынды

Шерханның алғаш «Лениншіл жас» «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде жарияланған мақалаларынан, өмірінің соңына дейінгі жазылған дүниелерін саралап қарасақ, ұдайы шындық, ақиқат тұрғысында пікір айтып отырғандығын байқауымызға болады. Мәселен, қаламгердің: «Шындық анасы – өмір. Ал өмір өнердің жан-жақты өсіп, қанат жая беретінін, адамның рухани байлығын молайтатын асыл құрал екенін танытты. Эстетикалық тәрбие адам бойында жақсыны, әдеміні тани білу қасиетін сіңіреді. Табиғаттағы, қоғамдағы, өмірдегі, еңбектегі, өнердегі сұлулықты дұрыс түсініп, дұрыс бағалай білу үлкен байлық», - деуі рухани болмысын, жан тазалығын айқындай түседі [13].

Зерттеуші М.Көпбаева: «Ш. Мұртазаның шығармашылық лабораториясын зерттеу

барысында жазушының қаламгерлік өнер туралы жазған өз еңбектері, естеліктері ерекше бағалы дерек көзі болып табылады. Өмір шындығының бәрі қаламгердің көз алдында болғанымен, солардың бәрінің суреткер көңілін қозғап, тербелте бермейтіні рас. Қаламгердің даралығы мәнсізден мән табуда емес, көңілін тербеген өмірдің қарапайым құбылыстарының негізінде өмірлік маңызы жоғары көркем ой түйіндей білуінде. Бұл да оңай емес. Өмір құбылыстарының көңілге тұрақтауы, тақырыптың тууы немесе шығармашылық ой өзегінің анықталуы бір басқа да, оның көркем шығармаға айналу процесі бір басқа. Бұлардың арасында жатқан шығармашылық сатылардың әрқайсысының өз сырлары, бұралаңдары тереңдері мен биіктіктері болады. Олардың бәрін көзбен көргендей баяндап шығу мүмкін емес» - деп, [14] шығармашылық зертханасының ерекшелігін, жазушының өзіндік тәжірибесін атап өтеді.

«Журналистика – қашанда журналистика. Заман өзгерсе де журналистік міндет мүдделері тұрақтылығын сақтайды» [15]. Шерхан Мұртаза шығармаларының басты көркі – шыншылдығында. Шыншылдық – өмірдің қат-қабат сырларын оқырманға дәл, әрі көркем жеткізе білу деп түсінсек, идея айқындығы, ар тазалығы, халық алдындағы жауапкершілік – журналист шеберлігін асырып, мәртебесін көтеретін асыл қасиеттер екендігі даусыз. Шындыққа, өмірлік ақиқатқа жүгінсек, өзінің бойындағы қабілет-қарымы мен соған лайық қайсарлығы, алғырлығы, табандылығы артып, шығармашылық шеберлікке жету жолында жылдар бойына созылатын ұзақ шабыстарда, күн-түн демей, көздеген идеялық мақсатына жету жолында қажырлы еңбекқорлықты үйлестіре білгендер ғана шығармашылық жеңіске жетеді. Шерханның суреткерлік жолы – осындай азаматтық, рухани әділ жеңістің айқын куәсі. Өмірдің қат-қабат ыстық-суығын, құдірет-қасіретін бала кезінен-ақ бойына молынан сіңірді. Өмір мен өнердің өзектестігін үнемі естен шығармай жүрген суреткерге оның ең әуелі журналистік тәжірибесі мол пайдасын тигізгендігін айқын аңғарамыз.

## Әдебиеттер

1. Горохов В.М. Закономерности публицистического творчества. – Москва, 1975. – С. 63.
2. Распопова С.С. Основы журналистской деятельности: учебник для бакалавров. – Москва: Аспект Пресс, 2018. – С. 109.
3. Мұртаза Ш. Ақ жолмен өткен азамат //Егемен Қазақстан. -1999. -20 қаңтар.
4. Ким М.Н. Технология создания журналистского произведения. – Санкт Петербург: Изд-во Михайлова В.А., 2001. –С. 67.
5. Прохоров Е.П. Публицист и действительность. -М.; МГУ, -1973. С.135.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 884 - қор, 1-тізбе, 20 «а» -іс, 9-парақ.
7. Мұртаза Ш. Империяның улы жемісі //Егемен Қазақстан, -1994. -10 маусым.
8. Мұртаза Ш. Бөліп ал да, билей бер!. //Егемен Қазақстан, -1995. -26 қаңтар.
9. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. –Астана: Елорда. -2002. 637 б.
10. Жерді саттық дегеніміз – елді сату. Қазақстан қаламгерлері мен зиялы қауым өкілдерінің Қазақстан Президентіне ашық хаты //Заман-Қазақстан. -1998. -14 шілде.
11. Мұртаза Ш. Анасын сатқан бар ма екен? //Егемен Қазақстан, -1999. -27 шілде.
12. Сәрсенбаев А. Озық ойдың көшін бастаған // Егемен Қазақстан, -1997. -28 маусым.
13. Мұртаза Ш. Әдемілік туралы әңгіме //Социалистік Қазақстан. -1968. -1 қаңтар.
14. Көпбаева М. Суреткерлік өнердің эстетикалық әлемі //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2016. – №5 (114). – Астана: ЕҰУ. – 90-91 бб.
15. Артемова Ю.В. Основы журналистской деятельности. Елец: ЕГУ. -2020. - С.81.

**R. Zhaxylykbayeva, A. Akynbekova, R. Bakenova**  
*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### National issues in Sherkhan Murtaza journalism

**Abstract.** No matter how you look at the work of the famous writer, publicist, journalist Sherkhan Murtaza, it is easy to see that the work of Kazakh journalism is aimed at excellence. There are very few scientists who still study the problem-raising, linguistic, stylistic features of journalism in scientific terms.

In the scientific article, Sherkhan's journalistic works related to the nation, language, land and country are presented in today's view. The article analyzes materials affecting folk and spiritual interests, and juristic skills that accurately tell the fact and truth. The distinctive characteristics of journalistic reflections and articles are assessed by the way of formation of publicistic activity.

In the article, Sherkhan's vision of modern trends in the direction of journalistic excellence, the current problems of society is based on a scientific conclusion. Political, cultural, social, scientific and journalistic articles reveal a deeply educated, politically literate, skillful journalistic side.

**Keywords:** publicist, editor, writer, article, essay, argument, journalistic skill.

**Р. Жаксылыкбаева, А. Ақынбекова, Р. Бакенова**  
*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### Национальные вопросы в публицистике Шерхана Муртазы

**Аннотация.** Нетрудно понять, что творчество Шерхана Муртазы, известного писателя, публициста, журналиста, нацелено на совершенство. В частности, очень мало ученых, которые все еще глубоко интересуются и исследуют проблемные, лингвистические и стилистические особенности журналистики.

В научной статье с позиций сегодняшнего дня оцениваются публицистические произведения Шерхана, связанные с нацией, языком, землей, страной. Анализируются материалы, затрагивающие народные

и духовные интересы, оценивается журналистское мастерство с точки зрения точной подачи фактов и правды. Особенности журналистских выпусков и статей оцениваются по способу формирования журналистской деятельности.

В статье показано, что мнения Шерхана о современных тенденциях журналистского мастерства и острых проблемах общества основаны на научных выводах. Его политические, культурологические, социальные, научные и публицистические статьи показывают глубоко образованного, политически грамотного, квалифицированного журналиста.

**Ключевые слова:** публицист, редактор, писатель, статья, эссе, факт, журналистское мастерство.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Жақсылықбаева Р.** – филология ғылымдарының кандидаты, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Ақынбекова А.** – PhD, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Бакенова Р.** - аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Zhaxylykbayeva R.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Akynbekova A.** – Ph.D., Department of Print and Electronic Media, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Bakenova R.** – Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



T.O. Kushaliyeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

\*Corresponding author: tkushalieva@gmail.com

## Transformative processes of blogosphere and Internet journalism

**Abstract.** *This investigation considers the main features and directions of citizen internet journalism development, professionalization of blog platforms, which have become an instrument for communication between people, and regulation of blog platforms, where they can share their opinions, news, analyses, and emotions about different themes. The information transmitting processes over the last 5 years in Kazakhstan, with the growing influence of bloggers on society, changes in the traditional journalism content and journalistic articles on websites. Rapid progress in the field of computer technology, the emergence and development of the Internet are making significant changes to the modern information and communication environment.*

*The Internet has become a powerful information space, covering in varying degrees all aspects of public life in Kazakhstan. In the new environment, the Internet media sector is actively developing and playing a significant role. The advent of the Internet forces us to rethink previously established concepts and categories in discussions about the media, to take a different look at traditional communications and information transmission processes.*

*Against the backdrop of the crisis of classical media, new public models of informing the public and commenting on the news appear, which are less limited by various kinds of control, as well as economically less expensive, due to the reduction of their production and distribution costs. Network circumstances, which have become an important transforming factor for journalism as a profession (and as an educational and career path), began to have a significant impact on the entire media communications industry from about the beginning of the 2000s. These factors and their impact were a direct result of the rapid spread of the Internet as a communication platform. Changes' analysis in the phenomena of the blogging sphere is useful, as well as their influence on professional media.*

**Keywords:** *internet journalism, blogosphere, online media, modern technologies, blogging.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-140-3-44-54>

### Introduction

In order to build an understandable and instrumental perspective, it is also necessary to consider such important elements as changing the

structure and behavior of mass media audiences, and the structure and counter-structures of society, which determine the change in social demand for media communication. There is a multidimensional convergence of professional

media and the emergence of new practices, collectively called “citizen online journalism”. It plays a vital role in the analysis, collection, and dissemination of a ton of information, such as news articles. This foundation requires creators of reports and analytical materials with special competencies. Then a modern kind appears as personal media by private citizens, and journalists become not only the text’s authors but also editors and organizers in the promotion and sharing of content to the mass audience. A specific form of citizen online journalism is blogs, websites containing individual or collective entries connected by a single platform, as well as the ability to comment and disseminate both by community members and non-community readers.

According to the aforementioned points, it can be concluded that all these factors determine the study’s relevance, then citizen journalism development on the Internet could be studied. All of the results allow us to improve the public regulation of educational programs in the media and increase the protection of journalists’ rights. Finally, the study concluded that bloggers and journalists do not compete to inform the public, however, they collaborate.

Today, the importance and potential of blogging-related Internet services are obvious. The blogging development led to the emergence of online journalism. Usually, it can be called citizen journalism. Bloggers transmit the information to the mass audience, in contrast to journalism, bloggers’ opinion is subjective and not provided by the experts.

The Internet for the purpose of mass correspondence has various explicit elements that make it a novel apparatus for getting and spreading data. This is [1]:

- Proficiency. Any data can be acquired right away, quicker than through different channels.
- Worldwide, as it is an overall interchanges organization.
- Intuitiveness. The Internet is frequently used to give criticism, which recognizes it from other electronic media.
- Selectivity. Individuals themselves pick which sources to utilize and what data to get,

which adds to the development of a specific data culture.

The degree and interest in resident newscasting are genuinely new, despite the fact that types of this have existed for the majority of current history. A considerable lot of the papers that arose in the nineteenth century were made by laypeople who saw the requirement for nearby networks and started to distribute different news, commercials, and tattle. Papers were professionalized in the nineteenth 100 years, prompting the making of a generally autonomous corps of writers zeroed in on authentic, objective inclusion. However, professionalization additionally downgraded essential honest proclamations that prompted a diminishing in autonomous judgment and backing for the status quo [2].

Since the 90s, public or resident news coverage has turned into the fundamental response to this situation. The development depended on the rule that, while news associations can and ought to stay autonomous in considering explicit debates and finding substantial answers for issues, they shouldn’t stay unbiased regarding a vote-based system and common life itself.

By the mid-1990s, the organization started to offer another other option. Contributing to a blog offered new composing networks as well as reactions to conventional media. Some thought of it as reporting and others considered it an article or platform. However, what was clear was that the new article could feature its own space of consideration on the organization (in spite of the fact that it stayed reliant upon messages from the established press).

